

КӨКТЕМ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

● ПРЕЗИДЕНТ

ӘЙЕЛ – ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ, АЛТЫН БЕСІКТІҢ ИЕСІ

Кеше ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада Халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Көктем шуағы» атты шара барысында Қазақстан әйелдер қауымы өкілдерімен кездесу өткізді.

«Қазақстанда тоғыз миллион әйел бар. Мемлекеттік қызметте де басым бөлігі, жартысынан көбі – әйелдер. Денсаулық сақтау саласында 75 пайызы әйелдер, халық ағарту мәселесінде – 65 пайыз, бизнестің 40 пайызы әйелдердің қолында. Денсаулық сақтау саласында да жұмыс істейтіндердің 75 пайызы – әйелдер. Яғни, ұлтымыздың денсаулығы әрқашанда әйелдердің қолында: үйде де, жұмыста да», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар Елбасы Тәуелсіздік жылдарында тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда әйелдер қауымының үлесі зор болғанына назар аударды.

«Әйел – ошақтың ұйытқысы, алтын бесіктің иесі. Ел болашағының барлығы әйел азаматтарының қолынан өтеді. Сондықтан Сіздер арқылы барша Қазақстанның әйелдерін шын жүрегіммен құттықтағым келеді. Еш уақытта жүздеріңізден күлкі кетпесін!», – деді Мемлекет басшысы.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Сіздерді бүкіл дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – ардақты ана, асыл жар, аяулы қарындас. Әйел – отбасының ұйытқысы, бала тәрбиесінің бағбаны ғана емес, жалпы тіршіліктің тұтқасы.

Баршаға аян бұл ақиқатты Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Әйел – өмір тірегі ғана емес, әйел – өмірдің өзі» деген пікірі айқындай түседі.

Расында да, бір ғана «әйел» ұғымына дөнгеленген дүниенің бар кереметі сыйғандай. Оған аймен таласқан әсемдік те, көреген көсемдік те, мейірім мен нәзіктік те мағыналы тенеу – мазмұнды балама болмақ.

Қазіргі таңда нәзікжандылардың аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы үлесі өлшеусіз. Әсіресе, әрбір адамға етене жақын білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет салаларындағы олардың еңбегі зор. Кіші және орта кәсіпкерліктің, азаматтық қоғамның алғышарты – үкіметтік емес ұйымдарының негізі де – әйелдер. Ең бастысы, бұрымдылар қай салада қызмет етпесін, сол саланы дамытып, нығайтуға ерекше үлес қосып, көпшіліктің құрметіне бөленіп келеді.

Ұлтты ұйыстырып, ел тәуелсіздігін нығайту жолында отбасы мен қоғам жүгін қайыспай көтеріп жүрген Сіздердің бұл еңбектеріңіз әрдайым құрметке лайық.

«Ел боламын десең – бесігіңді түзе», – дейді дана халқымыз. Ал төл бесіктің иесі – әйел-ана. Олай болса, Мәңгілік еліміздің болашағы, Тәуелсіздігіміздің тағдыры Сіздерге байланысты, ардақты аналар!

Бүгінгідей мерейлі мерекелеріңізде Сіздердің дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, береке-бірлік пен қуаныш тілеймін!

Құрметпен,
облыс әкімі **Қ.КӨШЕРБАЕВ.**

ӨМІРДІҢ МӘНІ – ӘЙЕЛДЕ



Бейсенбіде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңірдің әр саласында жемісті еңбек етіп жүрген бір топ қыз-келіншектер мен ардагер аналарды қабылдады.

Олардың қатарында Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана Сәлима Жұмабекова, Ұлы Отан соғысына қатысушы Любовь Колесник, тыл ардагері Фазила Махамбетова, құқық қорғау органдарының өкілдері, мұғалімдер, дәрігер, кәсіпкер, геолог, актриса, мәслихат депутаттары, этномәдени бірлестіктер жетекшілері бар.

Аймақ басшысы кездесуге келген әйел-аналарды көктемнің шұғылалы мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтап, жылы лебізін білдірді.

– Құрметті, қыз-келіншектер, аяулы аналар! Бәріміз асыға күткен көктемнің

алғашқы мерекесі де келіп жетті. Бұл мейрам қашанда ең ізгі, ең ыстық сезімдерге толы. Өйткені, бұл күн – асыл жанды аналарымыз бен аяулы қыздарымыздың, жаны жайсаң жеңгелеріміз бен инабатты келіндеріміздің қуанышы. Олай болса, Сіздерді осынау мерейлі мереке – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын, – дей келе, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев өңірде атқарылып жатқан игі істерге тоқталып, аймақты дамыту, әлеуметтік-экономикалық өсу бағытындағы жұмыстар жөнінде айтып өтті.

«Әйелдің білегі – ерінікі, тілегі – елінікі» демекші, ақ жаулықты аналар қашан да елдің тілекшісі. Барша аналар атынан сөз алған Социалистік Еңбек Ері Сәлима Жұмабекова елдегі берекелі істерге ризашылығын білдіріп, тәуелсіздігімізді тұрақты ету, қазақстандықтардың бейбіт те шат-шадыман

өмір сүруі жолында аянбай еңбек етіп жүрген ел азаматтарына аналық алғысын айтып, ақ батасын берді. Сонымен бірге мерекелік шарада қоғам қайраткері Алма Ақдәулетова, республикалық «Мерейлі отбасы» байқауының лауреаты Лаура Шохашева, полиция подполковнигі Сәуле Әбдамитова нәзікжандыларға мерекелік көңіл сыйлап, қошемет-құрмет көрсетіп отырған аймақ басшысына рахмет айтып, ыстық ықыластарын білдірді.

Шарада мүмкіндігі шектеулі жандар да назардан тыс қалмады. Кездесуге жиылған мереке иелері арасынан Зәуре Өксінбаеваға облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы Бұрабай демалыс аймағына жолдама табыстады. Айта кету керек, мүмкіндігі шектеулі Зәуре Балтабайқызы осыдан бір ай бұрын өткен аймақ басшысының халық алдындағы есепті кездесуінде денсаулығына байланысты

аталмыш демалыс орнына барғысы келетінін айтып, өтініш жасаған болатын. Қыз-келіншектердің төл мерекесі қарсаңында аймақ басшысы Зәуренің бұл өтінішін орындады.

Салтанатты жиын ақ тілектермен, әсем әндермен өрнектелді. «Менің Қазақстаным» республикалық музыкалық фестивалінің Гран-при иегері Константин Луца, «Тұран» триосы әннен шашу шашса, өзге ұлт өкілі болса да қолына қазақтың қара домбырасын алып, қоңыр күйді күмбірлетіп жүрген Кристина Тигай Н.Тілендиевтің «Аққу» күйін орындады.

Мерекелік кездесуге келген әйел-аналардың барлығына гүл шоқтары мен сыйлықтар табысталды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

• САЙЛАУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

НӘТИЖЕЛІ ҚАДАМ БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқына арналған Үндеуінде президенттік сайлаудың кезектен тыс өткізілуінің маңыздығына кеңінен тоқталды. Кезектен тыс сайлау елдің тыныштығын, бірлігін ертеңін ойлаудың және келешекке деген нық қадамы деп ұғындық.

Расында қазіргі әлем елдерінде түрлі қиын жағдайлар орын алуда. Оны ақпарат құралдарынан біліп отырымыз. Осы ретте еліміздің барлық саласында алға жылжу байқалады. Егемендік алғалы көптеген түйткілді мәселелердің түйіні шешілді. Ауқымды жұмыстар жүйелі атқарылып, жалғасын тауып келеді. Осы кезең аралығында тұрақтылық пен татулықты, экономикалық өркендеу мен халықтың әл-ауқатын жақсартуды қамтамасыз ете алдық.

Бүгінде Қазақ елінде өмір сүріп жатқан ұлттардың татулығы мен бірлігі жарасымды. Мәселен, III Интернационал ауылы тұрғындарының басым бөлігі өзге ұлт өкілдерінен құралған. Достығы мығым, татулығы берік. Бір атаның баласындай араласып-құраласып тіршілік етуде. Сонысымен де көпті сүйсіндіріп келеді. Жалпы, еліміздегі ұйысқан ұлттардың татулығы көпке үлгі. Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу жөніндегі игі бастаманы ауыл тұрғындары да толықтай қолдап, нәтижелі қадам деп қабылдады.

Әсіресе, Елбасы ауылдың жағдайын көтеру негізінде түрлі бағыттарды ұсынды. Сонымен қатар ауыл өмірін жандандыру негізінде шалғай елді мекендерге де барлық мүмкіндіктерді қарастырып келеді. Жастарға да қамқорлық жыл сайын артып отыр. Кәсібін ашып, нәсіп табамын дегендерге де мемлекет тарапынан жан-жақты жеңілдіктер берілген.

Біздің ендігі жерде президент сайлауының кезектен тыс өтуіне қолдау білдіре отырып, белсене атсалысуымыз қажет деп ойлаймыз.

Қармақшы ауданы.

III Интернационал ауылының тұрғындары.

ЕРТЕҢГІ КҮНГЕ СЕНІМ ЗОР

Бүгінде саяси маңызы зор мәселе қызу талқыға түсіп, көпшіліктің оң көзқарасын қалыптастырып үлгерді. Осыған орай, жуырда ғана Елбасы Н.Назарбаев халыққа арнап Үндеу жолдады. Онда Мемлекет басшысы «Өткен 23 жыл біздер үшін ғасырға бергісіз жылдар. Кезең-кезеңімен жүргізілген тұрақты саясаттың арқасында біз бүгінгі белеске көтерілдік. Қазақ қазақ болғалы қазіргідей төрт құбыласы түгел, қуатты елге айналып көрген емес. Біз бүгін қариясы қамсыз, азаматы алаңсыз, ұрпағы уайымсыз елдердің қатарына ұмтылды. Біз үшін көк аспанмыз ашық, көк байрағымыз асқақ болғаннан артық мәртебе жоқ» деп ерекше атап өткен болатын. Расымен де, қазақ елі үшін тәуелсіздігіміздің тұғырлы, бақытымыздың баянды болғанынан асқан байлық жоқ. Оған қоса, әлемдік экономикалық дағдарыс белең ала түскен кезеңде халыққа ең алдымен ертеңгі күнге деген сенімділік, ішкі және сыртқы саясаттың тұрақтылығы мен қоғамымыздың бірлігі қажет. Сондықтан мұндай тұста ауыр кезеңді өткеріп, елдің еңсесін биіктетуде Елбасының үлесі зор болмақ. Бұл ретте жас қазақстандықтар еліміздегі әрбір қол жеткізген жетістікте Президенттің қажырлы еңбегі мен қолтаңбасы жатқандығын біледі. Сондықтан кезектен тыс сайлау өткізу қазақстандық қоғамды жаңа жетістіктер мен белестерге апаратын нақты шешім болып отыр.



Динара СҰЛТАН,
Қорқыт Ата атындағы
ҚМУ-дың студенті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ САЙЛАУЫНА ОРАЙ «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТЕРДЕ САЙЛАУАЛДЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША ӨЗ ҚЫЗМЕТ ҚҰНЫН ҰСЫНАДЫ

«Сыр бойы» www.syrboyi.kz газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы: А2, А3. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: **сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері**
Таралымы – 24 783 дана.

«Кызылординские вести» www.kzvesti.kz газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады.

Газет форматы: А2, А3. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: **сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері**
Таралымы – 6 980 дана.

Газеттің 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

• Барлық бетте орналастыру – 300 теңге;

Сондай-ақ «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық, қалалық және аудандық газеттер бойынша:

Облыстық «Ақмешіт жастары», Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» Арал аудандық «Толқын», Қазалы аудандық «Қазалы», Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы», Шиелі аудандық «Өскен өңір», Жаңақорған аудандық «Жаңақорған тынысы».

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі, сенбі күндері.

Газеттердің таралымы: 7700 – 3000 дана аралығы.

Газеттің 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС қоса есептегенде:

• Барлық бетте орналастыру – 300 теңге;

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-49. 8 (7242) 70-00-52.
E-mail: smjarnama@mail.ru

МЕЙІРІМ МЕН ПАРАСАТ ШУАҒЫ



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні әйел-аналар мен қыз-келіншектер үшін ең ерекше де қуанышты сәттердің бірі.

Бұл мерекені алдымен ардақты аналарымыздың мерекесі десек, жарасады. Өйткені, баласы үшін жанын аямайтын Ана – қашан да біз үшін қастерлі де қасиетті ұғым.

Адамзат баласы өрлеудің қандай биік сатысына шығып, небір биікті бағындырса да, ананың аялы алақаны мен әйелдің мейірімді жүрегіне ештеңе тең келмейді. Ана деген құдіретті есімнің алдында барлығы да бас иеді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: “Біз әйел затына – анаға, жарға, қызға деген қапысыз құрметті қайта оралтуға тиіспіз” деп атап көрсеткен болатын.

Бүгінгі күні біздің елімізде әйелдерге барлық жағдай жасалуда. Мемлекеттің қамқорлық құшағына бөленген нәзікжандылар қоғамның түрлі салаларында ер-азаматтармен бірдей еңбек етіп, тәуелсіз Қазақстанның дамуына, әлемнің бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына енуіне қалтқысыз қызмет атқаруда. Еліміздің мызғымас

бірлігі мен тату тірлігіне, қоғамдық келісімнің сақталуына да зор үлес қосып отырған әйелдер аз емес.

“Мәңгілік Елдің” болашағы – жас ұрпақтың тәрбиесін қалыптастыруда да аналарымыздың алар орны ерекше. Ғылым мен білімді, билік пен бизнесті, саясат пен экономиканы, мәдениет пен руханиятты жасауда да әйелдердің өз орны бар. Олардың парасат-пайымы мен білім-біліктілігінің арқасында елдік мүддеміз төмендемей, ер-азаматтарымыз өз биігінен көрінуде.

Ардақты аналарымыз бен қыз-келіншектерді көктемнің шапағаты мол шуақты мерекесімен құттықтай отырып, шаңырақтарына шаттық, отбастарына ырыс-құт, зор денсаулық тілеймін!

Ләйла ТӨРЕШОВА,

Қазақстан халқы

Ассамблеясы облыстық

хатшылығының басшысы.

МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Кеше 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай “Нұр Отан” партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Н.Байқадамов өңірдегі көпбалалы аналар, тыл ардагерлері және өнер, білім, спорт, медицина саласының қызметкерлері мен басқа да түрлі маман иелерін қабылдап, құттықтады.

– Құрметті ақ жаулықты аналар, арулар сіздерді көктем мезгілімен қатар келетін 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.



Отбасыларыңызға табыс-береке тілмеймін, – деп жылы лебізін білдірді.

Сондай-ақ, шара барысында “Нұр Отан” партиясы саяси кеңесінің арнайы құттықтау хатын та-

быс етті. Сый-сияпат көрсетті. Шараға қатысқандар алғыстарын білдіріп, ізгі тілектерін арнады. Шарара ән-жырдан шашу шашылды.

С. АДАЙБАЕВА.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН ІС-ШАРАЛАР

р/с	Іс- шараның атауы	Өтетін уақыты	Өтетін жері	Жауаптылар
1	Облысымыздағы ауыл шаруашылығы саласының дамуына еңбегі сіңген әйел-аналардың музей қорында сақталған фотосуреттерінен «Абзал ана–қажырлы қайраткер» тақырыбында фотожөрме	2015 жылғы 2-9 наурыз	Облыстық тарихи-өлкетану музейі	Облыстық тарихи-өлкетану музейі
2	«Менің арманымдағы әйел бейнесі» суретшілер көрмесі	2015 жылғы 2-9 наурыз	Көркемсурет галереясы	Облыстық тарихи-өлкетану музейі
3	«Әйел. Өмір. Махаббат» атты мерекелік шара	2015 жылғы 7 наурыз	Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасы	Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасы
4	8 наурыз - Халықаралық әйелдер күніне арналған «Әйел- тіршілік тірегі» атты мерекелік салтанат	2015 жылғы 7 наурыз сағат 12.00	Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театры	Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы
5	«Жібек сезім» Қазақстанның еңбек сіңірген артисі К.Қалымбетованың концерті	2015 жылғы 8 наурыз сағат 17.00 сағат 19.00	Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театры	Облыстық филармония
6	Ақын Қ.Жәленованың «Сырдан ұшқан Қарлығаш» атты кітабының тұсаукесері	2015 жылғы 11 наурыз сағат 11.00	Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасы	Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасы

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 35 сессиясы 2015 жылғы 18 наурызда сағат 11:00-де облыстық мәслихаттың мәжіліс залында (Облыстық мекемелер үйі) ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Облыстың мәдениет және өнер саласын дамытудың жайы және оны жақсарту шаралары туралы.

2. «2015-2017 жылдарға арналған облыстық

бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 236 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

3. Қосымша мәселелер.

Тұрақты комиссиялардың жеке отырыстары 2015 жылғы 17 наурызда сағат 15:00-де, бірлескен отырысы сағат 16:00-де басталады.

Облыстық мәслихат.



Бір қолымен бесік тербетіп, бір қолымен әлемді әлдилеген әйел араласпаған сала бүгінде некен-саяқ. Ал әйел араласқан, қолға алған шаруаның дөңгелеп кететіні бесенеден белгілі ғой?! Өйткені, олар табиғатынан тазалықты, тумысынан тиянақтылықты, табандылықты сүйеді. Қызметте жүріп, отбасындағы бала тәрбиесін, үйдегі қат-қабат шаруаларды үйлестіре білетін нәзік жандылардың бірі – облыстық мәслихат хатшысы, медицина ғылымдарының докторы Ақмарал Әлназарова.

– Ақмарал Шәріпбайқызы, қазіргі таңда облыстық мәслихат депутаттарының алдында қандай міндеттер мен өзекті мәселелер тұр?

– Біздің мақсат – халыққа қалтқысыз қызмет ету. Осы ретте, өкілді органның міндеттері – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты құжаттарды бекітіп, оның іске асырылуын және мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қадағалау, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, белсенді түрде жұмыс істеу. Мәслихаттың биылғы жартыжылдықтағы атқарылатын іс-шаралар жоспары бекітілді. Ол бойынша ауқымы кең екі мәселе қаралмақ. Әуелі, аймақтағы мәдениет саласының өзекті мәселелері, оны дамыту жолдары, мәдени нысандардың жай-күйі талқыланады. Сонымен қатар, Қазақстанның тарих ғылымының сапалық серпілісіне әсер еткен, қазақ халқының ұлттық тарихы көкжиегін кеңейтетін «Халық тарих толқынында» бағдарламасы мен Қазақ хандығының 550 жылдығын лайықты атап өтуге халық қалаулылары да атсалысатын болады. Осындай өзекті тақырыптар алдағы мәслихат отырысында қаралады. Бұған біз жан-жақты дайындалдық. Өңіріміздегі барлық ауданды аралап, қоғамдық тыңдаулар өткіздік. Мәдениет саласының мамандарымен жүздесіп, өтініш-тілектерін тыңдадық. Жалпы, өңірдің өнері мен мәдени өмірі жанданып келеді. Былтыр облыстың бірқатар клубтары мен мәдениет үйлеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, олардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға да қомақты қаржы жұмсалуда. Мысалы, былтырғы жылы облыстық бюджеттен орталықтандырылған жүйе арқылы 7 ауданға «Зерде» мәдени-ақпараттық автокөлік алынып берілді. Бұл автокөліктер дыбыс күшейткіш аппаратурасы, музыкалық аспаптар, концерттік киімдер, видеопроектор, электрогенератор секілді қажетті құралдармен толық жабдықталған. Сонымен қатар, жылдар бойы қордаланып келген штат мәселесі де шешімін тауып, нәтижесінде ауыл мәдениетін көтеру мақсатында облыстық бюджет-

тен 410 штаттық бірлік берілді. Облыстық театрға, филармонияға және музейлерге 123 штаттық бірлік бөлінді. Қаржыландыру мәселесінің қиындықтарына қарамастан, ірі мәдениет мекемелері мен шығармашылық ұйымдары құрылды. Мысалы, облыстық филармония жанына камералық ішекті оркестр, ал Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры жанында жастар театрлық труппасы ашылды. Сонымен бірге, Сыр сұлейлерінің шығармаларын сақтау, ұрпаққа тарату және мәдени-тарихи ескерткіштерді қорғау, кітапханалардағы кітап қорларын жылма-жыл толықтыру шаралары да үздіксіз жасалады.

Депутаттардың назарындағы екінші мәселе – облыста еңбек құқықтарының сақталуы мен оны жақсарту шаралары. Мемлекеттік



күтімі, жағдайы нашар болатын. Сондайда қанымыздың тобы сәйкес келсе, өзімізден құйып жіберетін едік. Ал қазір тастанды балалардың саны азайды. Қазір сәбилер үйінде «Үміт» тобы ашылған. Бұған жалғызбасты аналар аяғынан нық тұрғанға дейін балаларын тапсыра алады. Анасы қолы аузына жеткен кезде сәбиін алып кетеді. Ал 1990 жылдары мұндай мүмкіншілік жоқ еді. Таңдау еркіндігі болмады. Сосын тастауға мәжбүр болатын. Тіпті, бүгінде жалғызбасты ата-аналарға түрлі кеңес беретін үкіметтік емес ұйымдар да бар. Қазір ана мен балаға жасалып жатқан қамқорлық көп. Былтыр 200 орындық перинаталды орталық іске қосылып, 200 орындық көп-бейінді балалар ауруханасы құрылысы басталды. Нысан 2016 жылы пайдалануға беріледі.

Тағы бір мысал. 1996 жылы

қызметкерлерді сынайтын жерінде тартынып қалмаймын. Өйткені, оның артында адамның тағдыры тұр. Мен үлкен ұжымдарды басқардым. Мысалы, облыстық балалар ауруханасының бас дәрігері, Қызылорда медицина колледжінің директоры қызметтерін атқардым. Ол мекемелерде 200-300 адам еңбек етеді. Әр қызметкердің артында отбасы бар. Олардың әлеуметтік жағдайына көңіл бөліп, еңбегін елеп, шама-шарқымның жеткенінше назардан тыс қалдырған емеспін. Ал олардан басты талап етілетіні – жауапкершілік және біліктілік. Медицина саласы – тұтастай халыққа қызмет етуге құрылған.

– Медицина саласында әкеңіз бен анаңыз абыройлы қызмет атқарды. Еңбекқорлық қасиет те сізге сол кісілерден дарыған секілді...

«БІЗ АНАНЫ ҚАДІР ТҰТЫП, ҚҰРМЕТТЕЙ БІЛГЕН ЕЛМІЗ»

сіз? Қиын соғып жүрген жоқ па?

– Мүмкін емес ештеңе болмайды. Әрине, оңай емес, бірақ барынша үлгеруге тырысамын. Әуел бастан-ақ әйелдің міндеті – ана атанып, бала тәрбиелеп, шаңырақтың отын жағып отыру. Алайда, жұмыс деп, отбасын кейінге шегеріп, үй тірлігін, бала тәрбиесін ұмыт қалдыруға әсте болмайды. Бір үйдің түтінін түтетіп отырған соң, басыма орамал тағып, үлкендерге иіліп сәлем де беремін, шай да құямын. Қазақта «шалдың баласы» деген әдемі тіркес бар. Яғни, сол дәстүр бойынша менің жұбайым – атасы мен әжесінің баласы. Жыл сайын отағасының ауылына барып, сол кісілердің рухына арнайы құран бағыштатып қайтамыз. Екі ұлымыз бар, бірі он үште, екіншісі тоғызда. Және бір қызымыз бар. Олардың тамағын беріп, мектепке шығарып саламын. Сабактан келсе, көңіл-күйлерін сұрап, кешке ертегі айтып беруге тырысамын. Қызметте жүргеннен соң, кейде бос уақыт табыла бермейді. Ал бос уақытым бола қалса, оны балаларыммен, отбасыммен бірге мағыналы өткіземін. Сенбі, жексенбі күндері палау пісіріп, ет асамын. Балаларым «анашымның тамағын жейміз» деп мәз болып қалады. Үйде әйел деген атқа лайықты болып, жұмыста іскерлік қабілетті көрсете білу үлкен өнер, табандылық деп білемін. Адал жар, аяулы ана бола білмесем, балаларым қандай өнеге, қандай тәрбие алады? Кез келген әйелдің өмірінде қиындық кездеседі. Шаршайды, қалжырайды. Дегенмен, балаларының болашағы үшін бәрін де жеңу керек. Жаратушы әйелді еркектің қабырғасынан жаратып, оған өмірлік демеу болсын деген. Ер адамның, балаларымыздың басын төрге сүйреп, үлкендерге құрмет көрсетсек, батасын алсақ, өсеміз, өнеміз, көгереміз.

– Сіз еңбек жолыңызды 1994 жылы Қызылорда қалалық балалар біріккен ауруханасында дәрігер қызметінен бастадыңыз. Ол кездің қиыншылығы бөлек әңгіме. Сол артта қалған қиын-қыстау кезең мен еліміз еңсесін тіктеген бүгінгі күнімізде айтырлықтай айырмашылық бар екені белгілі. Десек те, бір еске алып өтсеңіз...

– Әрине, жер мен көктей. Ауруханада кезекшіліктен шығып тұрып, қайтадан кезекшілікке қалатын кезіміз көп болды. Бір жарым күн жұмыста боламын. Осындай режим айына он екі рет қайталанады. Бір-екі сағат мызғып алып жүре беретінбіз. Амал қанша, емделушілер ағылып келіп жатыр. Қараусыз қалдыруға болмайды. Тоқырау кезінде тастанды балалар ауруханаға жиі түсетін. Олардың

күзде балалар жаппай вирусты гепатит «А» ауруына шалдықты. Ауруханада науқастар сыймай, қосымша төсек орындарын ашып, емдеуге мәжбүр болдық. Ал өткен жылы облыс бойынша бұл ауру мүлде тіркелген жоқ. Қандай көрсеткішті алып қарасаңыз да оң нәтиже бар.

Былтыр мың бала туылса, оның 12-сі бір жасқа жеткенше шетінеп кетті. 1990 жылдары 25 бала шетінейтін. Бірақ бұл көрсеткішке тоқмейілсуге болмайды, әлде де атқарылатын шара қыруар. Мәселен, Жапонияда мың баланың біреуі ғана шетінейді. Еуропада бес-алтау. Сондықтан ана мен бала жағдайын одан сайын жақсартуымыз керек.

– «Гендерлік саясат» ұғымын қалай түсінесіз?

– «Гендерлік саясат» деген әйел еркектің орнын басқысы келеді деп қате ұғынбау керек. Керісінше, әйел өз құқықтарын қорғап, білімі мен біліктілігіне, қабілетіне қарай қоғамның дамуына, экономиканың алға қарыштауына өз үлесін қосқысы келеді. Елімізде осылай түсіндіріліп жүр. Меніңше, кез келген қызмет сапасымен бағалануы керек. Оны кім сапалы жасаса, орын соныкі. Әйел немесе ер адам деп қарамауы керек. Жалпы, қазақ ешқашан әйелдерді қоғамнан аластатып, тұмшалап ұстамаған. Біз ананы қадір тұтып, құрметтей білген елміз. Бұл өткен тарихымыздан да белгілі.

– Өзіңіздің мінезіңізге психологиялық тест жасап көрдіңіз бе?

– Олай жасап көрмеппін. Десек те әркімнің ішкі халі, мінезі өзіне мәлім. Маған Құдайдың сыйғып берген баға жетпес мінезі – жұмсақтық деп ойлаймын. Жұмсақ мінезім мамандық таңдауға да әсер етсе керек. Дәрігер атандым, оның ішінде балалар дәрігері болғасын жұмсақ мінез бойыма сіңгендей. Бір жағынан, бұған менің дәрігерлер шаңырағында дүниеге келуім де әсер еткен болуы керек. Ата-анам: «Алдына келген адамның бетін қайтарма, қолыңнан келгенше жақсылық жаса, қолыңнан келмесе кенес бер, тіпті оған шамаң жетпесе, білетін кісілерден сұрап, біліп бер» дейтін. Сол себепті, осындай аманатты аркалап жүргеннен кейін қалай да адамды риза қылып жіберуге тырысамын. Жақсылыққа себепші болғанға не жетсін?! Кез келген адам жылы жүз бен жылы сөзге зару. Ибн Сина: «Дәрігер 3 нәрсемен қарулану қажет, бірінші – жылы сөзбен, екінші – көзі қырағы, үшінші қолы жұмсақ болуы керек», – деді емес пе?

Өрнәрсө өз орнымен. Жұмыста қаталмын, әрі талапшылмын. Жұмысқа да жанашырлықпен қарап,

– Әкем Шәріпбай өмірден ерте озса да, Сыр медицинасының дамуына өзіндік қолтаңбасын қалдырған, облысымызға танымал дәрігер-хирург болды. Жаңақорған аудандық ауруханасын басқарды. Кезінде қала ауруханасының урология бөлімінің меңгерушісі болды және облыстың бас урологы еді. Ал анам Шолпан қырық жыл бойы акушер-гинеколог болып тер төкті. Олар қиын кезеңде жұмыс істеді. Білікті медицина мамандары тапшы болатын. Дем алмастан, күн демей, түн демей ауруханада емделушілердің халін қарап жүретін. Осындай риясыз қызметті, ізгілікті көріп өстік...

– Сол ізгілік үзілмегені!

– Рахмет. Шындығында, еңбек етсең емерсің деп бекер айттылмаған. Өнер мен еңбекке, адал достыққа баулу бала кезден басталуы керек. Бақша екенде балаларымның қолдарына кішкентай шелек беріп, су тасытқызамын. Арамшөп жулады. Қыста қар жауғанда да күрек ұстатып, күретіп қойдым. Өзім олардың көздеріне көрінбей, сырттай бақылап тұрдым. «Ұяда не көрсе ұшқанда соны іледі». Тек, оларға болашақта адамгершілігі бар жар табылса екен деп тілеймін.

– Анаңызды 8-наурызда қалай қуантасыз?

– Ана – өмірдегі ең ғажайып адам. Менің екі анам бар, бірі өзімнің анам болса, екіншісі – жолдасымның анасы. Аналарыма деген құрметім, сыйластығым мен сүйіспеншілігім ерекше. Мен үшін олардың әрқайсысының орны бөлек, ақылшым әрі сырласым. Аналарыма жыл сайын өздерін қуантатын сыйлықтар әперемін. Әшекей, орамал, киім, гүл сыйлаймын. Негізгі оларды біздің сәлем беріп, құрмет көрсетіп, сыйлағанымыздың өзі үлкен бақытқа бөлейді.

– Қыз-келиндіктерге, аналарға қандай лебіз айтасыз?

– Қызылордалық әйелдерге денсаулық, табыс тілеймін. Ана баласы жетістікке жетсе, түзу жүрсе, абыройлы болса бақытты сезінеді. Барлық ана бақытты болуын қалаймын. Көңілдеріне қаяу түспесін. Әйелдер бір әулеттің, бір отбасының ұйытқысы екенін ұмытпаса екен. Болашақ бұлыңғыр, өткен шақ өшіп кетіп бара жатыр. Ең қымбаты – қазіргі шақ. Оны тиімді пайдаланып, алға жылжымыз. Дәл қазір әркім өзінің арнасын тауып, жолындағы асуларды асып, кедергілерді бағындырып өтуіне мүмкіндік бар.

– Сұхбаттасқаныңызға рахмет!

Дәурен СЕЙІТЖАНҰЛЫ.

ЖАУАПТЫ МӘСЕЛЕНІ ТАЛҚЫҒА САЛДЫ

«Нұр Отан» партиясының «Жас Отан» жастар канаты мен «Қызылорда – Ақиқат айнасы» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен жоғары сынып оқушылары арасында «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудағы жастардың рөлі», оның ішінде «Елімізде кадр саясаты дұрыс жүргізіліп жатыр» атты тақырып аясында пікір-сайыс болып өтті.

Сайысқа барлығы 4 фракция қатысып, «Үкімет», «Оппозиция» тобы болып тартысты ойын көрсетті. Дебатта кадрлық саясаттың мүмкіншілігі, «Жұмыспен қамту-2020», «Дипломмен – ауылға!» секілді мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асуы және осының негізінде жастардың қол жеткізген мүмкіндіктері сөз болды. Сондай-ақ, жас кадрлар резерві де тілге тиек болды.

«Бұл дебат америкалық форматта ұйымдастырылды. Басты мақсатымыз – жастардың ой-өрісін дамыту, елдегі болып жатқан жаңалықтармен сусындату. Әсіресе, бітіруші түлектер үшін алдында мамандық таңдау секілді үлкен мәселе тұр. Осы тұрғыда жастарымыз сұранысқа ие мамандықтарды, қай мамандыққа қажеттілік көп екенін білуі тиіс, әрі таңдау жасағанда қателеспесе дейміз. Сондықтан мұндай ой-аландарының жиі болғаны дұрыс», - деді «Қызылорда – Ақиқат айнасы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры У.Тұрарбекұлы.

Дебат ойынына «Жас Отан» жастар канатының атқарушы хатшысы А.Сабанбаев, «Қызылорда – Ақиқат айнасы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры У.Тұрарбекұлы, үйлестіруші Н.Кеңесбек жастардың ойлары мен пікілерін тарзыға салып, оларға әділ бағасын беріп қазылық жасады. Ойын нәтижесінде екі тарап та тең деп танылып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Кеше Жеңістің 70 жылдық мерекесіне орай Тағзым алаңында «Біз Жеңістің ұрпағымыз» атты ұранмен әскери-патриоттық эстафета болып өтті. 3 ақпанда Астана төрінен бастау алған бұл эстафетаны Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы ұйымдастыруда. Соғыс ардагерлері, әскери бөлімдер мен құқық қорғау салаларының қызметкерлері, сондай-ақ, студенттер қатысқан шараның басты мақсаты ҰОС қатысқан қазақстандық жауынгерлердің жанқиярлық ерліктеріне тағзым ету, патриоттық құндылықтарды кейінгі жастарға дәріптеу.

АТҚЫШТАР ДИВИЗИЯСЫНЫҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ТУЫ СЫР БОЙЫНДА

Шара барысында ең алдымен 1941 жылы Ақмола қаласында құрылған және Мәскеуден Берлинге дейін жауынгерлік жолды өткерген 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Жауынгерлік туының көшірмесін тапсыру рәсімі болды. Оны Ақтау қаласынан келген 3502 әскери бөлімінің командирі Нұрлан Губайдуллин облыстың 5547 әскери бөлімінің командирі, подполковник Максат Қырғызбаевқа табыс етті.

Мұнан соң Қызылорда әскери горнизонының прокуроры, әділет подполковнигі Есжан Сыбанбаев, ҚР ҰҰ «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының тәрбие және әлеуметтік құқық жұмыстары басқармасының бастығы, полковник Ниязтай Әлкешов, облыстың Қорғаныс істер жөніндегі департаментінің МУА полковнигі Жомарт Исқақовтар сөз алып, жиынның маңыздылығы мен кейінгі ұрпаққа берер тағылымын сөз етті.

72-ші гвардиялық дивизияның Жауынгерлік туының көшірмесін Астана қаласына интернационал-жауынгерлер әкелген. Ол ендігі жерде ҚР Ұлттық

ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН ЖАС ҒҰМЫР

Ол мамандығын сүйіп таңдады. Тынымсыз еңбегінің арқасында біршама жетістікке де жетті. Оның өзекті мәселелері қоғамдық талқылауға түсіп, нәтижесін берді. Халқының қамын ойлаған жас журналистің болашағы зор еді. Өткен, өмірі қысқа болды. Жалындаған жиырма бес жасында жұлдызы сөнді.

Жуырда Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика кафедрасының ұйтқы болуымен Студенттер сарайында талантты журналист С.Бермағанбетовты еске алу кеші болып өтті. Ол аз ғана ғұмырында үлкен еңбек атқара білді. Артында өшпестей із қалдырды. Алғашқы еңбек жолын жергілікті радиодан бастап, одан әрі қоғамдық, облыстық телеарналарда жалғады. Облыс әкімінің баспасөз хатшысы қызметін де жемісті жасады.

Алдымен С.Бермағанбетов жайлы бей-неролик көпшілік назарына ұсынылды. Онда балалық шағы мен студенттік кезі және қызметі жайлы толық мағлұмат берілді.

Сонымен қатар кеш барысында журналистің бірге оқыған достары мен әріптестері, өзі білім алған оқу орнының ұжымы, жетекшісі және ата-анасы естеліктер айтып, оның бойындағы ерекше қасиеттеріне тоқталды. Және де арнайы жарияланған байқау қорытындысы белгілі болып, жеңімпаздар марапатталды.

Сондай-ақ, шара соңында С.Бермағанбетов жайлы ұйымдастырылған көрме тамашаланды.

Мира КАДЕНОВА,
аграрлық-техникалық колледж оқытушысы.



ұланының 5573 әскери бөліміне сақтауға беріледі. Бүгінге дейін ту Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облысы, Орал, Ақтөбе аймағы мен Маңғыстау өңірлерінде болған. Қазіргі таңда эстафета кезегі Сыр еліне жетсе, осы айдың 10-ы күні Шымкент қаласына табысталады. Осылайша, еліміздің барлық аймағына эстафеталық жолмен жеткен Жауынгерлік ту мамырдың 5-ші жұлдызында Астана қаласына жеткізілетін болады. Айта кету керек, 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясынан 31 Кеңес Одағының Батыры шыққан.

Мерекелік жиында осындай Отан үшін от кешіп, тарихқа өшпестей із қалдырған жауынгерлердің рухына арнап гүл шоқтары қойылып, бір минуттық үнсіздік те жарияланды. Сондай-ақ, Тағзым алаңынан А.Тоқмағанбетов атындағы Мәдениет үйіне дейін әскери шеру ұйымдастырылып, шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

● АҚЫН КЕШІ

БІР ЖҰЛДЫЗ БОЛЫП ҚАЛАМ МЕН...

Облыстағы байырғы білім ұясы № 20 З.Шүкіров атындағы орта мектеп өткен күзде жылы, жаңа ғимаратқа кіріп, қоныс тойын тойлағанына көп бола қойған жоқ. Жылы да жарық, зәулім мектеп әрдайым игі істердің жаршысына айналды. Мектеп директоры Клара Мадиярова бастаған ұжым биыл да мәдени іс-шараларға белсене араласып келеді. Қайсар қаламгер Зейнолла Шүкіровтің туылған күніне орай, мұраларын кейінгі өскелең ұрпаққа насихаттау барысында біршама жұмыстар атқарылды.

Оқушылар мұражайдағы «Қайсар талант – Зейнолла» бөліміне саяхаттап, оның тағылымына бойлап, туыстары мен қаламгер достары жайлы біліп, ақынның қолжазбаларын, киген киімдерін, қауырсын қанат қаламсабын, құнды дүниелерін көзбен көріп, ерекше әсер алды. Мектеп кітапханашысы мен тәлімгердің ұйымдастыруымен өткен «Жазушы шығармаларының көркемдігі»

атты тренингте «Қиын түйін», «Жас жесір», «От кешу» секілді туындыларын талдап, оқушылар өз пікірлерін ортаға салды. Онкүндік ақын өлендерін мәнерлеп оқу сайысына ұласты. «Жауқазын жыр жанымда» атты жыр мүшәйрасы мен барлық сыныптарға арналған тәрбие сағаттары, «Зейнолла оқулары» және жас ақындардың айтысы өткізілді. Жас айтыскерлер қаламгердің тамыры тереңге бойлаған шығармаларының рухани қуатын жырлады. Бұл орайда Б.Тайжанов, Ж.Нағмадинова, І.Тілектесова, А.Ысқақ, Н.Айкелдіұлы, А.Дайрабай секілді жас ақындардың өнері көпшілікті тәнті етті.

Ұстаздар қауымы да сайысқа түсті. Ақынның терең сезімге бөлейтін лирикалық өлендері нақышына келтіре орындалды. Балауса жырлары туған топырағында дүниеге келгенін толғаныспен еске алдық. Әсем әуендері де адам жанын сырлы тебіреніске бөледі. «Сыр

сұлуы», «Ақ айна», «Қайта-қайта қарамашы тесіле», «Неге, жаным, шығарып сала алмадың» әндері зенгір аспанға қалықтай шырқалды.

Шарада Р.Нұрмағанбетова, М.Қожанова, Н.Мұхтарова, Қ.Аметова, Б.Үргенішбаева сынды тәжірибелі ұстаздармен қатар М.Андызбаев, Қ.Сатыбалдиев, М.Алишев сынды жас мұғалімдердің де белсенділігі жоғары екендігі байқалды. Байқау барысында «Ақмаржан» тобы І, «Арал толқындары» мен «Гүлшешек» тобы екінші, үшінші орынды иеленіп, мақтау қағаздарымен марапатталды.

Өткеннен үлгі алып, өркениетке қол созған жас ұрпақ ой-өрісі ақын жырларымен сусындай бермек. «Бір жұлдыз болып жанам мен...» деп жырлаған ақын жұлдызы артында қалған мол дүниесімен әлі талай уақыт жарқырай бермек.

Жанат АНДЫЗБАЕВА,
№20 З.Шүкіров атындағы Бөген орта мектебінің мұғалімі.
Арал ауданы.



Мерекелік лебіздер

ІЗГІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Ана – тіршіліктің тірегі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі, жақсылықтың бастауы. Президентіміз, Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың саликалы саясатының арқасында елімізде әйелдер құқығы мен мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Әйелдер бүгінде барлық салада жемісті еңбек етіп жүр. Мемлекетіміз жеткен жетістіктерге нәзік жандылардың қосқан үлесі орасан зор.

Әйелдер қауымы іскерлігімен қатар қашанда отбасының ұйытқысы, ырыс-берекесі болып келеді.

Сыр өңірінің нәзік жандылары да билік пен бизнесте, ғылым мен мәдениетте, азаматтық қоғам институттарында ерекше қабілетімен танылуда. Басшылардың арасында да көп, ал мемлекеттік қызметшілердің тең жартысынан астамы – әйелдер. Осылайша олар көптеген шешімдерді қабылдауға атсалысады.

Елбасының «Жер бетіндегі жақсылық, ізгілік, қайырымдылық атаулының бәрі де ананың ақ сүтінен тарайды» деген сөзі ананың қадірін біліп, асыл қасиетін түсінуге үндейді, мемлекет және қоғам болып аналарымызды алақанға салып аялауға шақырады.

Мерейлі мереке қарсаңында Сыр елінің барша әйелдер қауымын құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ пен береке, шаңырақтарыңызға шаттық тілеймін!

Әлима ӘБДІХАЛЫҚОВА,
«Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы»
Қауымдастығының төрайымы.



ОТБАСЫНЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесінің қай кезде де орны бөлек. Ана – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі, барлық қиындықты жеңетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы деп білеміз. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы.

Осындай керемет күнді қаржы жүйесінде ішкі қаржылық бақылау функцияларын жүзеге асыратын іргелі ұжым – ҚР Қаржы министрлігі Қаржылық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясы ұжымы да мерекелейді.

Қаржы бақылау жүйесінің тарихына үлнетін болсақ, еліміздің қаржы жүйесінің жұмысы 1920 жылғы 19 қазаннан басталады. Ал егеменді елімізде 1992 жылы 17 наурызда ҚР Қаржы Министрлігінің Бақылау-тексеру басқармасы негізінде ҚР Министрлер Кабинеті жанынан Мемлекеттік Қаржы бақылау Комитеті құрылды. Осы құрылымға қарасты облыстағы қаржылық бақылау саласында қызмет атқарған аналар мен қыз-келіншектер еңбегі ерекше айтуға тұрарлық. Мемлекеттік қаржыны бақылаудың тиімді екенін айқындау мақсатында зейнетке шыққанға дейін тәжірибелі бақылаушы-тексерушілер Б.Маханова, Қ.Сейтжанова, Ә.Темірбаева, Р.Таскынбаевалар аянбай еңбек етті.

Қазіргі таңда инспекцияда 11 қыз-келіншек қызмет атқарады. Оның ішінде қаржы саласында 20 жылдан астам еңбек өтілі бар білімді және білікті қызметкерлер Р.Есмаханова, М.Керейбаева, М.Өмірбаева, Г.Әбілдаева, Б.Смағұлова, Л.Тәшімбетовалар қызмет атқарса, сонымен қатар ұжымда Р.Телегенова, М.Көшекова, Г.Тоғманова, Г.Жұбат, Ф.Жарысқан сияқты білімді қызметкерлер абыройлы еңбек етіп келеді.

Бүгінгідей мерейлі күні Қызылорда облысы бойынша қаржылық бақылау инспекциясының ұжымы мерекеге орай ардагер аналар мен қыз-келіншектерді төл мерекелерімен құттықтап, олардың отбастарына қуаныш, бақыт, шаттық тілейді.



Рысбек МӘМБЕТОВ,
облыс бойынша қаржылық бақылау инспекциясының басшысы.

АНА – ТІРШІЛІКТІҢ МӘНІ

Жүрегі дархан қазақ халқының қашан да ұлтына, ұлысына қарамастан адамдар арасындағы сыйластық пен татулыққа айрықша көңіл бөлетіні көпшілікке белгілі. Бұл кең-байтақ қазақ даласында көшпенділер өркениетінің болғанын көрсететін бір белгі екеніне тарих беттерінен көз жеткіземіз. Көне тарих сонау заманда да қазақтардың өзге ұлт өкілдеріне құрметпен қарағанын баяндайды. Сол бір сара жол бүгінгі тәуелсіз қазақ елінде де жалғасын табуда.

Қазақстанда тұратын біздің татар ұлтының шежіресі де бірнеше ғасырлардан жалғасып келеді. Десек те, татар-қазақ қарым-қатынастарының биік деңгейге көтерілген тұсы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысы аралығы екен. Татар ұлты өкілдерінің қазақ даласына қоныс тебу көрсеткішінің көтерілген кезеңі де осы тұс дейтін болсақ, сол замандардан бері ата-бабаларымыз бір атаның баласындай қасиетті Сыр өңірінде күн кешіп келеді.

Отбасы – қоғамның бір бөлшегі болса, оның алтын қазығы – әйел екені ақиқат. Ер мен әйел отбасының ғана емес, қоғамның да қос қанаты десек, артық айтпаған болармыз. Сондықтан әйелдер ерлермен бірдей өмірдің әр саласында белсенділік танытуда. Жұдырықтай жүрегіне жылылық пен ұлылық уялаған әйелдер қауымы өмірдің мәні, тіршіліктің сәні екені жасырын емес. Олардың жалпы адамзат өмірінде алатын орны ерекше. Әйел ең алдымен отбасының ұйтқысы болса, бастысы “ана” деген киелі ұғымның иесі.

Әр әйел өзінше бір әлем. Анасыз отбасының келешегін елестету мүмкін емес. Ата-баба жолында әйел мен отбасы ажырамас бірлікте болып келді және солай болып қала бермек. Сондықтан әйел адам қоғам үшін болашақ ұрпақты жалғастырушы ана, мемлекет өмірінде жауапты қызметкер, отбасында аяулы жар екендігін ешқашан естен шығармауымыз керек. Олай болса, көктемді қанатына ілестіріп ала келетін Аналар мерекесі құтты болсын, баршаңыздың шаңырақтарыңызда береке-бірлік орнасын демекпін.



Ғалия ҒИЗАТУЛЛИНА,
татар этномәдени орталығының төрайымы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауы мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуына серпін беретін аса маңызды құжат болып табылады. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» деп аталған Жолдаудың ерекшелігі әлемнің экономикалық дағдарысқа ұшырап отырғанына байланысты баршамаңызды толғандырып жүрген стратегиялық маңызы бар мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге, Қазақстанның әрі қарай өркендеуіне, халықтың әлеуетін жақсартуға бағытталған құнды шаралар деп түсінеміз. Уақыт талабынан туындаған қиындықтарға қарсы тұрып, тығырықтан жол табу үшін болашаққа бастар қандай да бір бағыт-бағдар, бағдарлама қажет. Президент Жолдауының негізгі түйіні – халықтың әл-ауқатын арттыру, мемлекеттің дамуы мен өсуін қамтамасыз ету.

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – ЖАС ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БАСТЫ БАҒДАР

Еліміз егемендік алғаннан кейін тарихымызды халқымызға, әсіресе жастарға үйретуге мол мүмкіндік ашылды. Тарихи сана жетілмей, өткенімізге дұрыс баға бере алмаймыз. Тарих тағылымын зерттеуде де, тарихи сананы қалыптастыруда да бүгінгі өмір талабына сай жаңа сапалы өзгерістер жасалауда. Оларды осы саладағы бетбұрыстың сәтті қадамдары деп санаймыз.

Елбасы халыққа Жолдауында: «Біз Жалпыұлттық идеямыз – Мәңгілік Елді басты бағдар етіп, тәуелсіздігіміздің даму даңғылын Нұрлы Жолға айналдырдық. Қажырлы еңбекті қажет ететін, келешегі кемел Нұрлы Жолда бірілігімізді бекемдеп, аянбай тер төгуіміз керек. Мәңгілік Ел – елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі. Ол «Қазақстан-2050» Стратегиясының ғана емес, ХХІ ғасырдағы Қазақстан мемлекетінің мызғымас идеялық тұғыры! Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміздің өзі – Мәңгілік Ел! Ол – барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы», деген тұжырым жасады. Мәңгілік Ел болу мәселесі және Нұрлы Жолда атқарылуға тиісті іс-шаралардың бәрі де ең әуелі халқымыздың санасына терең сіңірілуі керек. Еліміздің күші де, қуаты да, болашағы да жастар. Жастарға еліміздің экономикасын көтеруде, қоғамдық тұрақтылық пен ел бірлігін сақтауда, болашаққа бастар жолда бар күш-жігерін аямай еңбек етіп, құлашын кеңінен сермеуге барлық мүмкіндіктер туындап отырғанын атап көрсетті. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы мен «Қазақстан - 2050» Стратегиясын жүзеге асыруда «Болашақ», «100 мектеп», «100 аурухана», «Балапан» бағдарламалары, білім беру мен денсаулық сақтауды дамытудың жүйесі, «Қолжетімді баспан», т.б. мәселелердің басты назарға алынуы Президенттің халыққа деген қамқорлығы деп санаймыз.

Қазақ тарихы мәселелерін Елбасы әрқашан өз назарынан тыс қалдырған емес. Елбасы өз шығармаларында биік рухты ұрпақ тәрбиелеуге аса мән беріп отыр. «Тарих толқынында» атты еңбегінде өткен тарихын білмеген, өз қасиетін танымаған халық қасіретке ұшырайтындығы туралы, өз жақсысы мен жайсаңын сыйламаған адам басқаларға құрметті бола алмайтындығы жөнінде, өткенге тас атқан бейбаққа келешек оқ жаудыратыны жайында дәлелді тұжырымдар жасады. Қазақстан тарихы әлемдік тарихтың құрамдас бөлігі ретінде әрі оны мекендеген қазақтар мен басқа барлық халықтар өкілдерінің тарихы тұрғысынан зерттеліп, оқытылуына басты назар аударылуы қажет екендігін нақты айтты. Отан тарихына байланысты осындай келелі міндеттерді дұрыс шешу үшін, ең алдымен

Тәуелсіз Қазақстан Республикасында жаңа тарихи сана қалыптастырудың жаңа тұжырымдамасы қажет. Келешек ұрпақ тағылым алар тарихты осы күндері тәуелсіз мемлекетіміздің азаматтары, шет тілдерін білетін, оқыған, көздері ашық жастарымыз жазып жатыр.

Тәуелсіздік алған соң ғана тарихи шындық тарихи негіз ретіндегі мәнге ие болды. «Қазақстан - 2050» Стратегиясында Елбасы «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз» – деген еді. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» деп атап айтты. Жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуде ең алдымен «Отан – отбасынан басталады» демекші, отбасына деген құрмет, отбасына деген сүйіспеншілік Отанға құрмет, Отанға деген сүйіспеншілікке әкелетінін, тарих беттерінен халқымыздың, еліміздің бастан кешкен қиын-қыстау жаугершілік жылдары батырларымыздың елін, жерін

ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғағанын жастар санасына сіңірген жөн. Тәуелсіздік Қазақстанға оңайға түскен жоқ. Бұл жолда қазақ халқы алапат шығындарға ұшырады, сан мыңдаған боздақтар қаза тапты, аштан қырылды, шетелдерге тентіріп кетті, зиялы қауымын жоғалтты, тілі мен ұлттық мәдениетінен айрылуға таяды. Бірақ түптің түбінде аңсаған арманға қол жетті. Тарихтың баға жетпес бір сыйы осы.

Мемлекетіміз басқалармен терезесі тең, іргелі ел болу қам-қаракетінің жолында тікелей саяси және экономикалық байланыстар нығайып келеді. Осындай мемлекеттің азаматы болу үлкен мақтаныш, оның экономикалық және рухани байлығын молайтуға, қауіпсіздігі мен қорғаныс қуатын күшейтуге ұмтылу — баршамаңыздың қасиетті парызымыз. Елбасымыз ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бір мақсат, бір мүддені көздеп отырған барша қазақстандықтардың ой-арманымен үндесіп отыр. Даму жолында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының басты құндылықтары ішінде қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім мәселесі маңызды орын алады десек, республика тұрғындарының ерен еңбегі нәтижесінде еліміз үлкен жетістіктерге қол жеткізді.

Мемлекет басшысы: «Біз Конституцияны қабылдаудың және Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылуының 20 жылдығын салтанатты түрде атап өтеміз. Осы даталарды атап өте отырып, бізге қазақстандықтарды рухани тұрғыда бұрынғыдан да гөрі күштірек, топтасқан және бұрынғыдан да бетер тағатты ету маңызды» – деп атап көрсетті. Бұл қалыптасқан мемлекеттегі этносаралық қатынастардың тұрақтылығы, Қазақстандағы барлық этностардың тең құқықтылығы, бәрі заң алдында бірдей жауап беретіні, ортақ Отанымыздың өркендеп, дамуына әрбір азамат өзіндік үлесін қосып еңбек етуі қажет екеніне баса назар аударып, әрбір қазақстандық азаматқа үлкен жауапкершілік артып отыр.

Елбасымыздың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жолында барша қазақстандықтар ортақ Отанымыздың болашағына зор сеніммен қарап, қажырлы еңбек етуді басты мақсатымыз деп біледі.

**Гүлнар ӨСКЕМБАЕВА,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.**

● КӘСІПКЕРЛІК

ІС ТЕТІГІН ТАПҚАНҒА ТАБЫС ҚОНАДЫ



Ұлттық экономиканы дамытудың жетекші күші – кәсіпкерлік саласы. Бұл орайда Елбасы тапсырмасына орай осы шаруаны өрістетуге пейіл адамдарға жан-жақты қолдау жасалып келеді. Бұл орайда Шиелі ауданындағы атқарылған жұмыстардың ауқымдылығы аймағымызға үлгі боларлықтай. Өткен жылдың соңында ауданда шағын және орта кәсіпкерліктің 3913 нысаны тіркеліп, бұрынғыдан он пайызға өскендігін аңғартса, аталмыш кәсіпкерлік саласында 6645 адам жұмыс орындарымен қамтамасыз етіліп келеді деген сөз. Салыстыра қарағанда, бұл тұрғыдағы өсім жеті пайыздан астам. Осыған сай бөлшек сауда айналымы 5 млрд теңгеге жуықтады. Ал шағын және орта бизнес нысандарынан сегіз жүз мың теңгеді салық түсімдері түсірілді. Осы көрсеткішке өзінің мол үлесін қосып жүрген белгілі кәсіпкердің бірі Мәден Әлжанов өз жұмысын онан әрі жандандырып, жаңа белестерге көтерілу үстінде.

Тоқырау жылдары деп тарихта қалған тоқсаныншы жылдардың соңынан бастап нарықтық экономиканың талаптарына ден қойған Мәден алғашында сауда-саттықтың қырсырын меңгерсе, біртіндеп өз қолынан бірдене жасау, жергілікті жердің өнімін саудаға шығаруды ойластыра бастады. Осы мақсатта іскерлікке бейімі бар жігіт-қыздарды жанына топтастырып, олардың өз қабілет-қарымын ашуына мүмкіндік жасады, ақыл-көнесін берді, тіпті, қаржылай қолдау көрсетті. Осындай игі әрекеттің нәтижесінде жұмыссыз қалған көптеген жас отбасы өзінің жаңа замандағы өз сұрлеуін тауып, отбасы нәпақасын ажыратумен қатар жергілікті өнімнің молаюына үлестерін қоса бастады. Жақсыдан шарапат деп дана халқымыз айтпақшы, бір кісі жаққан отқа мың кісі болмаса да, ондаған адам жылынды, базарлық қаты-

настың қысымынан құтылып, адал бейнет етуді қолға алды. Бұл Мемлекет басшысының өзгеге иек артпай, самарқаулық пен масылдық пиғылдан арыла отырып, өз қажыр-қайратына сену бағытындағы үндеуіне сай әрекет еді.

Оқтай зымыраған уақыт емес пе, тосырқап жүрген нарықтық заманның бел ортасында барлығымызда шама-шарқымызша тіршілік етіп келеміз, дегенде өнім өнірудің жөні бөлек.

– Өткен жылдың соңында сымнан тор тоқитын жаңа цех аштық. Оның жабдықтарын Ресейден алдырған едік. Ал станокты іске қосатын шеберлерді Аматыдан алдыруға ту-

лігінде. Бұрынғы жатаған үйлердің орнына осы ғимаратты тұрғызып, аудан орталығының көріктенуіне осылай да өз үлесін қосты. Мұнда заманға сай техникалық жабдықтар, ылдас-аяқ, ауыз су, ас үй жабдықтары, эмальды сырлар, тұрмыстық заттар, электр сымдары, тұсқағаздар, су құбырлары сатылады. Тауарларды кәсіпкердің інісі Нұркен Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларынан тасымалдайды. Ірі сауда үйінде он жылдан бері қызмет етіп келе жатқан жастардың қызметтеріне тұтынушылар дән риза.

Адам адамға – дос, бауыр, жолдас дейтін едік қой ілгеріде, сол үрліс Мәденнің бойында қалпынша сақталған секілді.



ра келді. Шығара бастаған құрылыс өніміміз шаруа қожалықтарына, жеке адамдарға өте қажет нәрселердің бірі. Ауласын қоршауға, егістік пен мал қораларын жасауға таптырмайды. Және де жөпелдеме құрып, қайта орнын ауыстыруға да, уақытша жинап қоюға да ыңғайлы. Ресей және жақын шетелдерден келген мұндай дайын өнім қымбатқа түседі. Сондықтан базар бағасының тым шарықтамауына өзіміздің үлесімізді қосуға ниеттенгеніміз бұл, – дейді шиелілік кәсіпкер Мәден Әлжанов бізбен әңгімесінде.

Иә, бүгінгі кейіпкеріміздің идеясымен өз өнімін шығара бастаған жиһаз жасайтын, пластик терезе, есік құрастыратын цехтар тұтынушылар талабынан шығып келеді. Оларда 7 бірдей жас жігіт еңбек етіп, өзгелерге үлгі көрсетуде. Әлжановтың айтуынша, келешекте құнарлы өнімдер егіп, кеңсе гүлдерін өсіретін жылыжай ашу жоспары бар.

Шиелі кентінің орталығындағы екі қабатты сәулетті «Нұрсәулет» құрылыс заттары сауда үйі де аталмыш кәсіпкердің ие-

Туған туыстардың өзі бір-біріне қарайлай алмайтын мына нарықтың алашақынында оның көмегін көргендер жетерлік. Өзі де мүмкіндігінше, алдына келген кісіні риза еткізі келеді де тұрады. Қаржылай қолдау көрсетулерін атап айтар болсақ, Оқшын ата атындағы орталық мешітке, «Мектепке жол акциясы» бойынша 3 мектепке, бірнеше мүмкіндігі шектеулі жандарға қол ұшын берді. Балабақша басшыларының кейбірін келіп, оның шарапатына бөленгені бар. Сүттіқұдық ауылындағы мешіт, мектеп, спорт мектептеріне тұрақты түрде толықтай көмек беріп отырады. Талантты балалардың үлкен жолға түсуіне де ықпал жасайтыны өз алдына. Елдің шексіз алғысына бөленген кәсіпкер жігіт жары Гаухар апай екеуі отбасында 1 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отыр. Бәрі де ілтипатшыл, ізетті болып өсті.

Иә, нарық заңдылықтарын терең түсінген азамат көпке осындай өнегесімен үлгі көрсетіп келеді. Талабына нұр жаусын дейміз, аталар үрдісімен.

Н.НАЗЫМХАНУЛЫ.
Шиелі ауданы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ – АУЫЛ ХАЛҚЫНА ЖАҚЫНДАЙ ТҮСТІ

Сәрсенбі күні Қызылорда облысына қарасты Сырдария ауданында «бір терезе» қағидасы аясында қызмет көрсететін кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы ашылды. Енді жеке кәсіпкер айналысқысы келген кез келген тұрғын өзін қызықтырған мәселелерді сұрауға және оны осы жерде шешуге мүмкіндік алды.

Ашылу салтанатында Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев сөз сөйлеп, жаңа орталықтың жұмысына сәттілік тіледі.

– Біздің міндетіміз – кәсіпкерлердің, әсіресе аудандардағы және шағын қалалардағы кәсіпкерлердің бір орталыққа барып, өзінің бизнесіне қатысты барлық мәселе бойынша көмек алуына жағдай жасау. Әсіресе, ақпаратқа алдымен ауылдық кәсіпкерлер мұқтаж. Сондықтан мемлекеттік қолдау үлкен қалаларда қалып қоймай, ауылдық жерлерде де жетугі тиіс. Бүгінде біз осындай кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталықтарын ашу арқылы алға қойылған міндеттерді орындаудамыз, – деді.

Басқарма төрағасы орынбасарының айтуынша, бұл орталық – еліміз бойынша ашылған үшінші кәсіпкерлерге кеңес беру мекемесі. Бұл жерде көрсетілетін қызмет түрлерінің барлығы да тегін. Сондықтан өз бизнесін ашуға ниетті кез келген тұрғынның мамандардан кеңес алуына да, мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаражат көзін табуына да жол ашылып отыр.

Кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығын ашудағы мақсат – аудандық және облыстық деңгейде ісін жаңа бастаушы, сондай-ақ жұмыс жасап жүрген кәсіпкерлер үшін қызмет түрлері жинақталған инфрақұрылым құру. Аудандардағы кәсіпкерлерге қолдау көрсету орталығы және облыстағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары «бір терезе» арқылы бизнесті қолдауға бағытталған барлық мемлекеттік құралдармен қамтамасыз ету және сүйемелдеу бойынша аталмыш міндетті шешуші

құралға айналды.

Айта кеткен жөн, өткен жылы Қазақстанның ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры кәсіпкерлерге қаржылай емес қолдау көрсету туралы келісімге келген болатын.

Кәсіпкерлерді қолдау орталығында кәсіпкерлер палатасының, «Қазгропромаркетинг» АҚ, «Кәсіпкерлерді қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Қазақстанның Халық Банкі» АҚ, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» мемлекеттік мекемесінің мамандары мен консультанттары орналасқан.

Орталықтың ашылғанына ерекше қуанғандардың бірі – жеке кәсіпкер Ғалия Алдамжарова. Ол 2000 жылдары тіс емдеу кабинетін ашып, кәсібин бастаған уақытта кімнен кеңес аларын білмей, қатты қиналғанын айтады.

– Қазір ешкімге жалтақтамаймыз. Бүгін ашылып отырған орталық барлық керек мамандардың бір жерге шоғырланғандығымен тиімді. Ендігі жерде бізге мемлекеттің қолдауын тиімді пайдаланып, жұмыс жасау ғана қалды, – дейді Ғ.Алдамжарова.

Өткен жылы кәсіпкерлер палатасының ықпалымен Алматы қаласында біліктілігін арттырған ол қазіргі уақытта ауылдың екі тұрғынын жұмыспен қамтып отыр. Тәжірибелі кәсіпкер алдағы уақытта өз бизнесін кеңейтуді жоспарлауда.

Орталық кәсіпкерлерге жиырмадан астам қызмет түрін ұсынады. Атап айтқанда, кәсіпкерлерге қолдау көрсету шаралары бойынша кеңес беру, мемлекеттік және өзге де актілердің техникалық шарттарын алуға, қаржылай қаражаттарды алуға көмек көрсету және сүйемелдеу, басқа да мәселелерді түсіндіріп, кәсіпкерлерге қол ұшын созды. Бұған қоса, аталмыш орталықта кәсіпкерлікпен айналысуға ниетті азаматтарды кәсіпкерліктің негіздеріне оқытатын «Бизнес мектеп» жұмыс жасайды.

Дәурен ОМАРОВ.

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІНІҢ ЖАНЫ ГҮЛДЕН НӘЗІК, ТӨЗІМІ ТАСТАН БЕРІК



Көрікті көктем мерекесі қарсаңындағы біздің сұхбаттасымыз Рахима Қаржаубайқызы Ахметова ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия құрылған күннен бастап, аталған комиссияның Сыр еліндегі өкілі болып 10 жылдан астам жұмыс істеген. Қазір «Облыс әкімі аппаратының қоғамдық келісім орталығы» мемлекеттік мекемесінің директоры, сонымен қатар облыстық саясаткер әйелдер клубын басқарады. Сұлулық, қазақ әйелінің мінезі мен болмысы мәңгілік тақырып болғанымен, осындай мереке жақындағанда ғана «нәзік жандылардың» жан дүниесіне үніліп жататынымыз бар. Бүгінгі сұхбатымыз да ана, отбасы, бала тәрбиесіне қатысты өрбіді.

— *Өз басым сіздің буынды өмір университетін тауысқан ұлағатты әжелерден тәрбие көрген адамдар деп есептеймін. Біздің буын сол әжелердің үлгісін бойына тоқыған сіздерден тәлім алдық. Қазір біз тәрбиелеп отырған жаңа буын желкілдеп өсіп келеді. Сіздер көзін көрген әжелеріміз қалыптастырған даналық мектебінің дәстүрі қаншалықты сақталды деп ойлайсыз?*

— Әйел адамға жаратылыстың берген ең бірінші артықшылығы өмірге ұрпақ әкелу десек, «баламның табанына кірген тікен өз маңдайыма қадалсын» дейтін қазақ әйеліндей ана әлемде жоқ болар. Қазір әже жасына жетіп, немере тәрбиелеп отырған менің қатарластарым жатқа сырын бермеген, қара жердей төзімді әжелердің, аналардың тәрбиесін көрдік. Олар біз сияқты институт, университет бітірмеді, ғылым жолын қумады. Бірақ бір рулы елді, үлкен әулетті қас-қабағымен ұстап, ұйыта білді. Олардың ертеңді ойлайтын сұңғылалығы, ағайын арасындағы қарым-қатынасты реттеп отыратын дәнекерлігі таңғалдырады.

Бізді тәрбиелеген әжелердің басынан не өтпеді дейсіз. Ашаршылықтан аман қалды, одан қала берді бауырлары мен жарларын, балаларын майданға жіберіп, жолын тосты. Еңбек етіп, жеңісті жақындатуға бар күш-жігерін жұмсады. Осынша қиыншылықты бастан өткергенмен, «шүкір, қанағатынан» айнымады. Қазақ әйелінің болмысы туралы айтқанда, ең алдымен қайсарлығы мен қанағатшылығын үлгі етемін. Өмірдің қиыншылығын, жетіспеушілікті, денсаулығындағы кінәратын айтып шағыну оларға жат еді. Осындайда анамның науқастанған сәттері есіме түседі. Жедел жәрдем ауруханаға алып кетіп бара жатқанда да, жан сақтау бөлімінде де «апа қалайсыз?» деген сұраққа «жақсымын, шүкір, тәуірмін, еш уайымдамандар» деп жауап беретін. Өзінің жаны қиналып жатса да, балаларына ештеңе білдіртпейтін, төзімі тастан берік қазақ әйелі туралы ойласам, жанымна сондай жақын осы көріністер көз алдымнан кино лентасындай өте береді. Желкілдеп өскен жастарға қазақ әйелінің жақсысын асырып, жаманын жасырған, бар болса тасымайтын, жоқ болса жасымайтын, қилы кезеңде азаматының рухын көтеріп, жанына жалау бола білген, шаңырағын шайқалтпаймын деп қиындықты мойнымен көтерген мінезі мен болмысы үлгі болуы тиіс.

— *Қазақ әйелінің бейнесі мен мінезі талай өнер туындыларына арқау болды. Сұлулығы, мықтылығы, отағасы мен балалары үшін жанын беруге әзір тұратын қайсарлығы ән-жырға қосылды, том-том романдарға жүк болды. Сіз үнемі үлгі ететін қазақ әйелінің болмысын жан-жақты ашқан шығармалар, афоризмдер бар ма?*

— Қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезовтің «Қазақ әйелі — бар мұратын отбасының игілігіне байлаған әлемдегі ең ізгі әйел. Қазақ әйелі — бар тілегін перзентінің жолына арнаған әлемдегі ең мейірбан әйел. Қазақ әйелі — бар бақытын некелі ерінің талайынан күткен әлемдегі ең адал әйел. Ұлттың ұйтқысы. Ұрпақтың анасы. Солай



болған, солай бола беруге тиіс. Болмас қисыны жоқ, неге десеніз, бұл әйелдің бойында сиқырлы, құтты, өзгеше қасиет бар, оның аты — Сұлулық: жан сұлулығы, тән сұлулығы. Ол рас, әлемдегі ең сұлу — қазақ әйелі!» деген сөзі қазақ әйелінің бар болмысын жайып салған. Мұхтар Мағауин «Әлемдегі ең сұлу — қазақ әйелі: менің жарым, менің анам, менің қызым. Қазақты қазақ қылған осы әйел болатын, сұлу ғана емес, сымбатты, мінезді, ақылды, адал жар, абзал ана, ағайынға қамқор, ауыл-аймаққа құт, ердің мақтаны, елдің көркі» дейді.

«Ұлтты қыз сақтайды, қызды жұрт сақтайды» деп қыздарына сенім көрсете білген қазақ «Әйел — үйдің патшасы» деген түйін жасайды. Қазақы орта анасын пір тұтқан, әйелін сыйлаған, қарындасын қастерлеген, қызын төрге отырғызған. Әйел болып жаратылу Алланың сынағы, әрі баға жетпес сыйы. Өйткені, еркек — бар болғаны адам, ал әйел — адамның Анасы. Ұлы теңеудің баламасы да Ана. Отан — Ана, Жер — Ана, Тіл — Ана. Сондықтан қыз баланы сыйлау, ананы құрметтеу тұрғысындағы қазақтың дәстүрі қай кезеңнің де қажетіне жарайтын, ескірмейтін құндылық.

— *Бүгінде әйел — қоғамның тең құқылы мүшесі. Ерлердің ісі болып есептелінетін салада әйелдердің саны артып келеді. Тарихи сахнада ғылым, білім, техника, ақпарат, сауаттылық заманы орнаған кезде қазақ әйелі қай қасиетінен айрылмау керек?*

— Отбасының берекесін сақтап, азаматын күтіп, қазанын қайнатып, баласын ойнатып отырған әйел-ана — мемлекеттік мүддені көз-деген қайраткер деңгейіне қабылдануы тиіс. Қызылорда облысында 45 мың Батыр ана бар. Олардың 25 мыңы — Алтын Алқа, 20 мыңы Күміс Алқа иегері атанды. Орташа жастары 45 жасты құрайды, көбісі ауыл әйелдері.

Қазақтың киелі ұғымдары — шаңырақ, босаға, дастарқан. Осы үшеуінің де кілті — әйелдің қолында. Шаңырақтың бірлігін, босағасының беріктігін, дастарқанның жомарттығын сақтау әйелдің парызы. Қазақтың құты — қазанында. Қазанның иесі — әйел. Мындағын отбасы қазақ қоғамын құрап, үнсіз-түнсіз түтіндерін түтетіп отыр. Ал отбасының береке-құты мен ұйтқысы, тағы айналып келіп қазақ әйелінен бастау алмақ. Қазақ киіз үйін тастап, қымбат қызыл кірпіштен салынған үйге көшкелі бері дәстүр сан мәрте өзгерді. Әйел көлікті де, ұшақты да жүргізе алады. Саясат пен басқару саласында әйелдердің өз орнын табуына мүмкіншілігі жеткілікті, өйткені саясатта қара күш емес, біліктілік пен қабілеттілік қажет. Үлкен саясатпен басқаруда қазақ әйелдерінің әзірге аздау болуы өкінішті-ақ.

— *Қыз баланы ең алдымен болашақ ана деп тәрбиелейтін дәстүр бұрыннан бар. Ал ұлтын шексіз сүйе, ешкімнен де кем емес екенін санасына сіңіру қалыптастыру үшін не істеу керек?*

— Қазақ қыздарының табиғатында өжеттілік, еркіндік қасиеті, азаматтық арлану сезімі басымрақ. Оның дәлелі — есімдері ел есінде сақталған, аттары аңызға айналған ұлтмыздың қайсар қыздары. Сан қилы кезеңді басынан өткерген қазақтың қыздары бүгін де беделді, көрікті, қайсар да нәзік, ізетті де текті, ілімді де білімді. Сондықтан олардың бойындағы сенім күшін, ішкі стерженін қалыптастыру балабақшадан, мектептен басталуы керек деп ойлаймын. Дүниенің түкпір-түкпірінде білім алып, жұмыс істеп жүрген қазақтың қыздары қабілет, дарынымен талайға үлгі болуда. Тек жаманатымен танылғаннан сақтасын деп тілейік және соған жол бермейік.

— Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбатты жүргізген
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



АРМАНДАР АЛДАМАЙДЫ

Көктемнің ең алғашқы мерекесі — 8 Наурыз күні де келді. Көктемнің бұл күні әйел адамдарға ерекше қымбат. Бұл күн ІІД қызметкері подполковник Зульфия Айдарова үшін де ерекше.

Зульфия Сейітқалиқызы жалпы полиция қатарында қызмет атқаруды мектеп қабырғасынан армандаған. Әкесі Сейітқали Айдаров та ұзақ жыл осы салада еңбек етті.

Ер жетіп өсіп келе жатқан ұлдары Данияр мен Диас, қызы Әзиза аналарын әркез мақтаныш тұтады. Қызметтік уақыттың тығыздығына қарамастан Зульфия бос уақытын отбасымен өткізіп, балаларының тәрбие жұмысымен айналысады.

Көп жылдар бойы қауіпсіздік саласында қызмет атқарып келе жатқан Зульфия түзу сөйлеп, тура кеседі. Алдына қойған мақсатына жетпей қоймайтын



ТЫНЫШТЫҚ КҮЗЕТІНДЕ

Қайбір мамандық болмасын кәсірлі десек те, құқық қорғау қызметінің өзіндік ерекшеліктері, жауапкершілігі мен қиындығы зор екендігі ешқандай талас тудырмасы анық. Полиция қызметінің ауырлығына қарамастан, еңбек етуді өмірлік мақсаты санаған нәзік жандар қаншама десеніші?! Ата-ана аманатына адалдық танытып, ата жолын жалған келе жатқан тәртіп сақшыларының бірі — Сәуле Абдамитова. Мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға адал қызмет етіп келе жатқан ол, осындай жауапты әрі қиын салаға келуінің себебін былайша сабақтады.



— Ішкі істер органдарындағы қызметімді 1994 жылдың шілде айында Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының анықтау бөлімшесінде анықтаушы қызметінен бастадым. Бұл салада қызмет атқаруыма әкем Пазылхан ықпал жасады. Ол ішкі істер органдарының жол полиция саласында 25 жыл қызмет атқарып, зейнетке шыққан. Жанұядағы төрт қыз бен бір ұлдың арасынан мен әкеме жақындау болдым. Үйдегі майда-шүйде құрылыс жұмыстары болса да, мен жәрдем беретінім. 16 жастан бастап автокөлік жүргізуді де үйрендім. Сөйтіп, әкем мені полиция бола алады деген шешімге келіп, зангер мамандығы бойынша білім алуға бағыттады.

Нәзік жан болғандықтан полиция қызметіне тән ауыр жүкті арқалап жүру алғашында қиындық туғызды. Полицияға 19 жасымда келген мен азаматтық қызметте жұмыс жасап жүрген құрбыларыма қызға қарайтынмын. Себебі, олар кез келген уақытта бір-бірімен кездесіп, киноға, туған күн және би кештеріне барып жататын. Ал, мен болсам, өзімнің

таңдаған мамандығым бойынша ер азаматтармен бірге қатарласа жүріп, жеке өмірімді ыңғайлауға уақытым да бола бермейтін.

Бірақ, басқа жағынан қарағанда, полиция нысанды киімін кигендіктен, құрбы-ларымның арасында өзімді бір саты жоғары сезініп, ерте есейдім. Жас маман бола тұра, салмақты болуымның арқасында алдыма келген сезіктерден жауап алып, қылмыстық істі сотқа жолдау үшін аяғына дейін жеткізетінім. Полиция қызметінің ауырлығына қарамастан, әрбір атқарған жұмысымнан тек қана жақсы сезімдер алатынымын. Анықтаушы қызметінен басталған полициядағы өміріме бастығым Хусан Қоразбаев пен ұстазым

ата-анасымыз. Үлкеніміз Ақылжан — оқу үздігі, қазақ-түрік лицейінде оқиды. Кіші ұл Ерасыл екінші сынып оқушысы.

Қазақта «Жақсы жар — жарым бақыт» демей ме?! Жұлдызбек менің қызметіме түсіністікпен қарап, кез келген уақытта жұмысқа шақыртып алатынын, күнделікті жұмыстан үйге кеш қайтатынымды және мерекелік күндері үйде болмайтынымды біле тұра, әр бастамама қолдау білдіріп отырады. Қызмет барысындағы міндеттерімді орындай жүріп, Жұлдызбекке арқа сүйедім.

Осыдан 22 жыл бұрын ішкі істер органдарындағы қызметімді бастаған кезде халықтың полиция қызметкеріне деген көзқарасы мүлдем басқаша болатын. Тәртіп сақшысына құрметпен қарап, кез келген жағдайда өздеріне көмек беретініне сенім білдіретін. Қай жерде болмасын, полиция қызметкері үкімет өкілі болғандықтан, өзіне сырт көздің назарын ерекше аударады. Сондықтан, полиция қызметкері қоғамдық орында өзін дұрыс ұстай білу керек, бұл халықты сыйлауға, құрметтеуге жол ашады. Ең бастысы, халықтың сенімі мен үмітін арқалап жүрген тәртіп сақшылары жауапты қызметке адалдық, қиын да күрделі істі абыроймен атқару қажет, — деп ойын түйіндеген еді Сәуле Пазылханқызы бізбен әңгімесінде.

Міне, бұл нағыз өз ісін сүйетін, өз қызметіне адал қарайтын құқық қорғаушының сөзі. Қызылорда облыстық ішкі істер департаменті Тергеу басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі, полиция подполковнигі Сәуле Абдамитова өзін білікті маман, әріптестеріне сыйлы қызметкер ретінде таныта білді. Қазақтың күш-қайраты мықты батырлардың ұрпағы саналатын ол халықтың тыныштығын күзете отырып, өз жолын жалғастырап тәртіпті әрі тағылымды ұрпақ тәрбиелеп отыр. Сондықтан, тыныштық күзетіндегі қайсар қызға қиын да жауапты қызметінде абырой тілейміз.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.



ЖАҚСЫЛЫҚ ШЫРАҒЫН ЖАҚҚАН ШАҢЫРАҚ



– Тотыш-ау, – дер еді Өмекен дастарқан шетінде жамбастай жатып, босаған кесесін самаурын жанындағы өмірлік қосағына ұзата беріп, – баяғы заман қызық-ақ екен ғой, кейде сол кездер есіме түскенде елжіреп кетемін. Таудың самал желі бетімді сипап, бұлақ жағасындағы жолмен жүйткіп келе жатар едім. Бір жұмыстан соң, екіншісін бітіріп тастасам ба, деп асығып жүретін едік, қазір ана қырдан асып келуге ерінеміз...

Өмірзактың кейде осылай өткен өмірге шегініс жасайтыны, жастық кезін сағынышпен еске алатыны бар. Әрине, онысын көбінесе сыртқа шығара бермейді, осындайда, жұбайымен оңаша қалғанда сыр ғып айтады. Бүгін де балалар таңғы шайларын асығыс-үсігіс ішіп, шаруаларына аттанысып кетті. Бірі жұмысына, бірі мектептегі сабағына дегендей. Міне, әйелі Тотыш екеуі әдеттегінен, сүт қосылған шәйді сорптап отырғандарына біраз болды, сосын ғой, еркіндеу әңгіме айтып, көсіліп жатқаны. Қожайынына қиғаштай қараған жан жары оны қостағандай ыңғай білдіргенімен лепесін өзгеше шығарды:

– Несіне сағымға елтіп отырсың, әр заманның өз қызығы бар емес пе? Балалардың бәрі аяқтанды, бір-бір шаңырақтың шырағын жағып отыр. Немерелерімді сүйіп, қызығына бөленіп отырсың. Сенің жасыңа келіп, құда болып төрге шыға алмай жүргендер қаншама. Шүкіршілік делік. Айтпақшы, немереміз Майрадан шөбере де сүйдік қой. Сары тісті шал болғанынды мойындағың келмегені ме бұй?

– Шүкір деймін, әрине, шүкір деймін. Туасы айтып жатқаным да!.. Өмекен момақан үн қатып, бата

жасауға қам жасады.

Бұл Жаксыбековтер отбасындағы бір ғана сәт, бір ғана өмірдің үзгісі. Тау бөктеріндегі Қосүйенкі ауылындағы өнегелі отбасының бірі. Отағасы кезінде кеңшардың озат механизаторларының бірі болды. Келіншегінің азан шақырылып қойған есімі Қанымгүл еді. Тотыш деп еркелетіп жүріп, бертінде осылай аталып кетті. Ол да кешеге дейін аянбай еңбек етті. Жұмыс жасай жүріп ұл-қыздарын өнегелі етіп тәрбиеледі. Үкімет тарапынан «Күміс алқаны» да, «Алтын алқаны» да алды, жөнімен талай марапатқа ие болды. Бәрін былай қойғанда, қарапайым отбасынан шыққан балалардың барлығының өз соқпақтарын тауып, жарасымды жұптарымен өз орталарына абыройлы болғанын айтсаңызшы. Үлкен ұлы Әбдіразақ шаруа қожалығының төрағасы. Келіншегі Айнаш екеуі атакәсіпті қолға алып, мал басын көбейтіп отыр. Қой-ешкіден өзге шаруашылықтарында жылқы да, сиырлары да бар. Бөрінің де оябын тауып, қыстан қысылмай шығарып, төл алуға дайындау солардың мойнында. Әрине, мал бағуға жалғыз-жарым кісінің шамасы келе бермейді. Сондықтан да үйдің үлкендерінен бастап, бала-шағаға дейін бұл кәсіпке шындап араласып кетеді. Қыста Сырдағы Қызылқак маңын қыстаса, төл алуды Сопының сазында өткереді. Былғы жылы көктем айын ауыл маңына жақын қыстауда аялматып отыр. Ертең сәуір туысымен әрі қарай жылжуға тура келеді. Мұның бәрі, әрине, ынтымақтың арқасында жеміс беретін іс. Кіші ұлдары Ержан да осы шаруаның ұнғыл-шұңғылын меңгерген азамат. Келіндері Ақгүл

де шаруаға бейім, пысық болып түсті. Береке дарып ошаққа осылай үйлесім үйіріліп тұрар болар.

Атам қазақтан сөз қалған ба: «Бәрің бірдей қойшы болсаң – құл боларсың, бәрің бірдей тойшы болсаң – жын боларсың» дейді қаттырақ айтып. Мұнда бір кәсіпті алға шығарып, енді бірін кейін тартып отырған пиғыл жоқ, ал түсіне білген адамға, «өнерді үйрен, үйрен де жирен» деген тәміл жатқан жоқ па?! Осы ұстаным бұл шаңырақта берік салтанат құрған секілді. Екінші ұлдары Әбілақ Жаңақорған аудандық өрт сөндіру бөлімінде абыройлы қызмет атқарып жүрсе, оған тете інісі Ерзақ – аудандық ішкі істер бөлімінде жоғары шенді офицер, бастықтың орынбасары.

Жастайынан сіңген тәрбиенің нәтижесі болар, қай-қайсысы болса да, қызметім бар деп шірәнбей, ауылға келсе, шаруаға белсене кірісіп кете береді. Бір-біріне жәрдемдесіп, тілекші болып жүргенінің арқасы, барлығы да шуақты шаңырақтың нұрына бөленіп, берекелі тіршілік етіп келеді. Еліміздің дамуына өз үлестерін қосып, өзгелерге үлгі көрсетіп жүр.

– Ауылымыз үкіметтің қолдауына ие. Былтыр ғана қосқабаты жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Жолымыз асфальттанып, жарықтар жанып тұр. Президентіміз Н.Назарбаев алыс ауыл тұрғындарына әлеуметтік қолдауды аямай бергізіп жатыр. Әлі де талай жақсылықтар болатынына сенім зор. Сондықтан азаматтарымыздың ауызбіршілікте, өз қабілетіне сай елге қызмет етуі керек. Жастарға осы жағдайды жеткізіп жүреміз, – дейді ардагер Өмірзақ Жаксыбеков кең тыныстап.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жанақорған ауданы,
Қосүйенкі ауылы.



Кез келген қасиет ананың сүті, әкенің қанымен қонатыны мәлім. Қазалы өңірінде атадан балаға жалғасқан киелі дағдыны ұштастырып келе жатқан әулеттер жиі кездеседі.

ШУАҚ ШАШҚАН ШИПАГЕР

Осындай ерекше қасиет дарыған әулет атақты Қани сынықшының перзенттері Жалантөс ауылында тұрады. Атамыздың «қолы шипалы, емі қабыл адам» деген даңқы жастайынан елге тарапты. Сынықшылық жолға түсуі де аянмен қоныпты. Бірде Қанидың анасы жазатайым құлап жамбас сүйегін сындырып алады. Аш - аламан қиын уақыт екен. Науқасы жанына батқан ана зар илеп, қатты қиналыпты. Апасының аузына су тамызғаннан өзге жасар дәрмені жоқ ұлы Қани қосыла егіліпті. Маңайдан септігі тиер емші табылмаса керек. Көзінен жасы сорғалаған Қани талықсып, ұйықтап кетіпті. О, ғажап. Түсінде қос өркеші баладай, шудасы ақша бұлттай желбіреген апнақ бураға мінген аса сұсты кісі бұған жақындап келеді. Жер – көкті күніренте «Анаңды өзің емде. Сынығың сал» деп айғай салыпты. Бұл тартыншақтай бастады. Сөзін тағы қайталаған ата Қанидың жағына шапалақпен тартып жіберді. Шошып ояңған Қанекен тәуекелге бел буыпты. Алланың құдіретінде шек бар ма?! Перзентінің шипасы тиген ана құлантаза айығыпты. Сонан бері Қани сынықшының есімі төңірекке кеңінен тарайды.

Қани ата мен Қамар әже жеті перзент сүйді. Шетінен тәрбиелі, тағылымы мол жандар. Кенжелері Орысбек Басықара ауылдық округінің әкімі қызметін атқарады. Киелі қасиет Жамшейтовтерді айналып өтпеген. Байсалды мінезді әкім де құралақан емес. Тек сыр шаша бермейді. Ал Қанидың ортаншы қызы Розаның жақсы сынықшы екені баршаға мәлім. Әкесінің ізін жалғастырушы. Бірде Розаға Хадиша есімді апай кебеже сүйегін сындырып алған кішкентай ұлын әкеліпті. Кідірместен іске кіріскен Роза сынықты орнына салыпты. Сол оқиғадан соң әкесі Розаға сенім артатын болыпты. Қызына сынық салдыртып, соңынан өзі тексереді. Мінсіз жасалған шаруаға әрдайым ризашылық танытады екен. Тағы бірде ауыр жарақат алған бойжеткеннің сынығын салуды Розаға тапсырыпты. Иманы мол ата қыз баланың тәніне қол тигізуге дәті бармапты. Әке-анасына «Қыздарыңды Розаның жанына қалдырыңдар. Үш күннен соң хабарласыңдар» деп үйлеріне қайтарыпты. Межелі мерзімде келген ерлі-зайыптылар қыздарының далада серуендеп жүргенін көріп қатты қуаныпты. Қани ата қызының қадамына сәттілік тілеп батасын беріпті. Аруақты атаның ниеті қабыл болды. Қызы бүгінгі таңда ел алғысына бөленуде.

Роза Жамшейтованың негізгі мамандығы мұғалім. Ұзақ жылдардан бері Жалантөс батыр ауылындағы №103 мектепте еңбек етеді. Сонымен қатар аяулы ана, немерелерінің ардақты әжесі. Ең бастысы ата жолын жалғастырған шипагер.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Қазалы ауданы,
Жалантөс батыр ауылы.



● ҰЖЫМ ЖӘНЕ БАСШЫ

Қызылорда қаласындағы осындай тәрбие мен білім беру мекемесі №140 мектептің ширек ғасырдан астам тарихы бар. Жыл сайын мыңға тарта балаға дәріс беретін бұл ұжымда қазақшылықтың қаймағын қалқып, ата дәстүрді берік ұстанған ұстаздар қауымы еңбек етеді.

Гүлмира Рәсілқызы Қоңырбаева да тура сондай жан. Ол басшылық қызметке бірден келген жоқ. Туып өскен жері Алматы өңірінде еңбек жолын бастап, педагогикалық сатының барлық баспалдағын басып өтті. №140 мектепке директорлық қызметке тағайындалуы үлкен жауапкершілік жүктегені рас. Ұстаздық тәжірибесінің арқасында тың өзгерістер кіріктіруге талаптанған талпынысын қолдаған ұжымда көп ұзамай-ақ жаңа серпін аңғарыла бастады. Шәкірттердің білім көрсеткіші бойынша мектеп бұған дейін қол жеткізбеген қала көлемінде ҰБТ нәтижесімен алғашқы он мектеп қатарына тұрақтанды. «Алтын белгі», «Ерекше аттестат» иегерлерінің қатары соңғы жылдары үзілген емес.



Үміткер ұсынылып отыр. Пәндік олимпиада иегерлері қатары жыл санап артып келеді. 2011 жылы ҰБТ қорытындысында «Алтын белгі» иегерлерін дайындауда жоғары нәтиже көрсеткені үшін мектеп ұжымы облыс әкімінің 100 мың теңге көлеміндегі ақшалай сыйлығын иеленді. Бастауыш сынып мұғалімі Алшоразова Роза 2012 жылдың қорытындысы бойынша «Қала әкімінің стипендианты» атанып, 150 мың теңге көлемінде сыйақысын жеңіп алса, өткен жылдың қорытындысы бойынша осы сыйақыны қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Қосанова Марал иеленді. Осы оқу жылында шығармашыл ұстаз Ахметова

МЕКТЕБІ МАҚТАНЫШЫ

Ұстаз еңбегінің мақсаты баланы дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайықты азамат ету. Әрбір ұлттың білім беруде ескіден келе жатқан сара жолы бар. Айталық, мысырлықтар оқу мен тәрбиені бағыныштық етсе, парсы жұрты дене күші мен әділдік, гректер адамның жан, дене құбылыстарын жетілдіру, ал римдіктер мемлекетке пайда келтіру, мінсіз қызмет ету деп таниды. Сондай-ақ, неміс халқы ұрпағы ойшыл әрі іске табанды, таза, әрбір құбылысқа сергек қарасын десе, орыс елі өмірдің адамгершілік жағын өркендетуді ерекше мақсат етеді екен. Ал біздің ұлтымыздың оқу, тәрбиелік ұстанымы туралы Абай ағамыз «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп тұжырым айтқан болатын. Яғни ойында көзі, бойында қайраты бар азамат өсіру.

Гүлмира Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында облыс әкімінің стипендианты атанып, миллион теңге көлеміндегі сыйақы иегері болды. Айбатова Жадыра А.Жұмаділдаев атындағы «Үздік жас математик» номинациясының иегері атанды. Ұжым басшысы Гүлмира Рәсілқызының өз еңбектері де ескерусіз емес. Ұйымдастырушылық қабілеттілігі мен білім саласындағы сіңірген еңбегі үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы төсбелгімен марапатталды.

Г.Қоңырбаева ұжымның үлкенін ұлықтап, кішісін қадірлей білген басшы. Мектеп қабырғасында талай жылдар еңбек етіп, ұжымның іргетасын қаласқан, бар

ғұмырын білім саласына сарп етіп, бүгінде мектеп ардагерлері сапындағы 39 карт-ұстазды елеусіз қалдырмай, ақыл-кеңесін тындап, өзіне үлгі етіп келеді. Ардагерлер кеңесі төрайымы Б.Қожабаева бастаған бұл топ ардагерлердің де бүгінгі мектепті басқарып отырған басшыға көңілі толады. «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген мақалды ұстанған данагөй қария ұстаздар, бұдан бұрын 17 жыл үздіксіз осы мектепті басқарған тәжірибелі мектеп директоры Білманов Әділхан, директордың бұрынғы орынбасары болған Татьяна Сәрсенбаевалар басшылық тәжірибелерімен ой бөліседі, қиындық келтірер мәселелерді шешуге бағыт сілтеп келеді.

Жас мамандардан құралған «Абай даңғылы-56» КВН тобы өнері, спартакиадалар өткізу, дәстүрлі «Наурыз шапағаты» фестивалінде өнер көрсету, жас мамандардың мектептен шалғай «Тәжірибе алаңы» секілді шараларға қатысуына жыл сайын қолдау білдіріп отыр. Соның арқасында жыл артып жеңімпаз жас мамандар қатары арта түсуде, ұжым жасарып, жаңарып келеді. Ұжымның ынтымағы нығайып, қадамы қарыштай түсуде.

Марал ЕЛҒОНҚЫЗЫ.
Қызылорда қаласы.



АТАҚТЫ ӘНШІНІҢ АҚЫРҒЫ АМАНАТЫ



Роза Бағланованың шын есімі Үрбибі екен. Бұл құпияны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлшара Есетқызы «Ұлан» газетіне (2014 жыл, №9) берген сұхбатында айтты.

– Республикалық Эстрадалық студияны бітіріп, жолдамамен «Қазақконцертке» жұмысқа келдім. Ол жерде мені Роза Бағланованың жеке концертмейстері етіп бекітті. «Сондай атағы жер жарған адамның концерттерін қалай жүргізем?!» деп уайымдап бардым. 21-демін. Ол кісі мен ойлағандай емес, өте кішіпейіл, жайсаң екен. «Айналайын, балатайым, сүйкімдім сол» деп, бетімнен сүйіп қарсы алғаны есімде. Апам маған ә дегеннен «Жаркылдақ» деп ат кой-

ды. Гүлшара деп атаған емес. Алғаш рет Ташкентте концерт өткізуге бардық, – деген Гүлшара Есетқызы 18 жыл бойы әйгілі әншінің жеке концертмейстері болғанын жеткізді.

Роза Бағланова өмірінен озар-

дан екі күн бұрын ауруханаға Гүлшараны және келін-баласын шақырып алған екен.

– Басқалар болса, бұл жаста өзін-өзі күтуден қалар еді. Ал апам болса, ерніне алқызыл далабын жағып, иіссуын сеуіп, шашын әдемілеп жинап алған. Адамның өзіне деген құрметі осындай болу керек-ау?! Сонда балаларына біраз аманат айтты. Бір аманаты мен едім. «Жаркылдақ апаларың 25 жыл бойы адал жанашырым, жакын адамым бола білді. Сырласым да өзі еді. Қашанда осы апаларыңды демеп, қажетіне жарап жүріндер», – деді. Ол кісінің азан шақырып қойған есімі – Үрбибі. Мен бұл жайды 25 жылдан бері білетінмін. Сыр ретінде сақтадым. Бүкіл әлемге «Роза» боп танылып кетті де, жеке тарихын өзгерткісі келмеді. «Жаназамды шығарғанда Үрбибі деп атасын. Бейітіме қойған тактайшаға «Үрбибі – Роза Бағланова» деп жазыңдар» деп өтінді балаларына, – деді Гүлшара Есетқызы.

Дайындаған
Дәурен ОМАРОВ.

● МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Жаксы сөз – жарым ырыс – кезектің өмірден түйген тұжырымы. Бұл әсіресе басы ауырып, балтыры сыздағандарға таптырмайтын дауа. Егер денсаулығыңыз сыр берсе (ондайдың беті аулақ) жалма-жан дәрігерге жүгінеріңіз анық. Кей-кейде осынау ақ желдің қауымға жекелеген жандар тарапынан айтылған өкпе-қақпаны да құлағымыз шалып жатады. Алайда көпшілігіне дәрігердің біліктілігі, парасатпайымы наукастар тарапынан ізетке лайық екеніне ешқандай күмән жоқ. Оған өзіміз де көзіміз жетті.

Бірде ауылда тұратын құрдасымды көшеден кездейсоқ жолықтырдым. Жанында келіншегі бар. Қашан көрсен де жайдары жүретін досымның жүзі тым сынық көрінді. Әлденеге абыржып тұрғаны аңғарылады. Аздап жүдеген де тәрізді. Жөн сұрастық. Айтуынша, сырқаттанып жүргеніне біршама уақыт болыпты. Қызуы көтеріледі, табеті де



ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚТЫ ЛАЙЫҚ

төмендепті. «Ой азырады» деген рас екен. Өзі аты жаман кесел шығармын деп қауіптенетін сынды. Құрдасым үшін мен де қорықтым. Не істеу керек? Есіме Орекең, білікті дәрігер Орақ Кеубасов түсті. Деруе қонырау шалдым. Бізді мұқият тыңдаған ағамыз әлі кездеспеген емделушісіне «бруцеллез» деген қорытынды қойып, кабинетіне келуді өтінді. Бардық. Түрлі сынамалар тапсырды. Міне, керемет. Кеубасовтың диагнозы тура шықты. Ауруханада жатып ем алған құрдасым құлантаза айығып кетті. Кәсіби сауаттылық дегеніміз осы.

Бакытымызға орай мұндай білікті дәрігерлер өңірімізде аз емес. Оларды жұртшылық тегіне, жасына қарап бағаламайды. Дәрігер ретінде таниды. Ақиқатына көшсек, осынау абзал жандардың арқасында сандаған адам өмірге қайта оралады. Әке-ана баласымен, ағайын-туыс бауырымен аман-есен қауышып жатады. Ет жақынының аман қалуын Алладан кейін дәрігерден күтерімізді несіне жасырамыз. Соған орай ақ желеңді қауымға арналар ризашылығымыз шексіз. Солардың қатарында «бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін» аналарымыз баршылық. Көктемнің шуақты күнімен қатар жеткен Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсайында еңбегімен үлгі болған аналарды мадақтауды жөн санадық.

Біздің кейіпкеріміз нағыз өз ісінің шебері. Мақаламыздың да аталуы осыдан өрілген еді. Ол туралы әріптестері «Атына заты сай адам. Лайық – нағыз құрметтеуге лайықты дәрігер» деген мінездеме берді. Халықтан асқан сыншы болмасын ескеріп бұған біз де қосылдық.

Лайық Бижанова теңіз төскейіндегі Мергенсай ауылдық округінің тумасы. Қақаған қантарда өмірге келген шақалаққа аузы дуалы үлкендер «Өмірден лайықты орнын тапсын» деген ниетпен осы есімді телді. Адамның тағдырында қойылған ныспысының үлесі мол болары ғылыми тұрғыда дәлелденген.

Лайық Бижанова теңіз төскейіндегі Мергенсай ауылдық округінің тумасы. Қақаған қантарда өмірге келген шақалаққа аузы дуалы үлкендер «Өмірден лайықты орнын тапсын» деген ниетпен осы есімді телді. Адамның тағдырында қойылған ныспысының үлесі мол болары ғылыми тұрғыда дәлелденген.

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР

Адам жанын ажалдан арашалап, дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын тұратын жандар – дәрігерлер. Кез келген наукастың көңіл-күйіне, ем алуына аса ұқыптылықпен қарау да ақ халатты абзал жандарға тән қасиет. Өзі қарайтын наукастың денсаулығын бөрінен де маңызды санап, адам жанына араша түсіп жатады. Басымыз ауырып, балтырымыз сыздаса, өзімізше емделуге тырысамыз. Бірақ, кейін бәрібір ем іздеп дәрігерге барамыз.

Қысылғанда көмек көрсетіп, қолынан келгенше ауру-сырқаудан айығуға себепкер болған жандарға ризалығыңды қалай жеткізсең де орынды. Туған қаламыздағы №3 емханада тер төгіп жүрген, бас дәрігер Болғанай Сейітжанқызы Сарышева, бас дәрігердің орынбасары Назтай Қақпанқызы Қарымбаева, терапия бөлімінің меңгерушісі Айгүл Бахытбекқызы, №5 аймақ дәрігері мен медбикесі Күлімжан Смаилова мен Нұргүл Халанова айтар алғысымыз шексіз. Аткарған істері, әрқашанда халықтың көңілінен шығып жүрген жандарға Халықаралық 8 наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтап, барша игі жақсылықтарды тілейміз.

Сондай-ақ, аталмыш мекемеде түнгі ауысымда істейтін медбикелердің де еңбегі елеусіз қалмақ емес. Түн ұйқысын төрт бөліп, тыным таппай, науқас жанның шипагері болатын медбикелердің істері ерлік емей мемене?! Жалпы, адам өмірінің арашашысы, халық денсаулығының қамқоршысы болған ақ халатты абзал жандардың қай-қайсының да еңбегі адал, қызметі қадірлі. №3 емхана дәрігерлеріне шын жүректен алғысымызды білдіре отырып, толайым табыс пен жемісті жұмыс тілейміз!

Қоныс және Жанила АЙБАТОВТАР,
еңбек ардагерлері,
Қызылорда қаласы.




ТЕРГЕУШІ

Халқымыз қашанда нәзік жандыларды қастерлеп, шаңырақтың ұйтқысы, ырыс пен бірліктің символына баласа, үйдің киесі, жақсылық біткеннің дінгегі санап, жоғары бағалаған. Қазір қыз-келіншектеріміз уақыт көшінен қалмай, жоғары кәсібиліктің үлгісін көрсетіп келеді. Бүгінгі таңда облыстық ішкі істер департаментінде 200-ге жуық апа-сінділеріміз абыройлы қызмет етуде.

Солардың бірі де бірегейі – Гүлханис Қайназарова. Ол осы жауапты салаға 1980 жылдары еліміз Ішкі істер министрлігінің «Үздік тергеушісі» деп танылған ағасының ізін жалғау мақсатында келіп, қазіргі таңда облыс ішкі істер департаменті тергеу басқармасында аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі қызметінде абыройлы еңбек етуде.

«Тергеуші» деген ұғымды, оның немен айналысатынын түсінбесе де ағасының адал еңбегін, күн-түн демей жасап жатқан өрелі ісін көріп, бұл мамандыққа деген қызығушылығы оянса керек. «Советская милиция» журналын, ағасының тергеген қылмыстық істері бойынша жазбаларын бас алмай оқып, зерделей бастайды. Алайда, ата-анасы орта мектепті бітірген талапты жасқа басқа қалада білім алуына қарсы болып, Қызылорда педагогикалық институтқа түседі. Жоғары оқу орнын үздік бітіріп, мұғалім мамандығын алып шыққанымен, жүрек түкпіріндегі «тергеуші болсам» деген арманы алға жетелеп, Қазақ гуманитарлық Заң университетіне құжат тапсырады. Сөйтіп, сырттай бөлімде заңгер мамандығын игеріп шығады. Бұл шешімінің дұрыстығына нық сенімді болған бұған саладағы 17 жылдық өрелі еңбек жолы мен абыройлы қызметі куә.

Құқық қорғау қызметі, оның ішінде тергеуші болу – жауапты әрі қиын жұмыстың бірі екені шындық. Сондықтан салада рухы мықты, қайсар да жігерлі жан ғана жүре алады. Әр тергеушінің алдында тергелетін қылмыстық істің қиындығына, жұмыстың ауқымына қарамай өз ісін адал




сотқа жолданғанда ғана көңілі жайланып отырады. Әрбір тергелген қылмыстық іс бір адамның тағдыры екендігін жақсы түсінген Гүлханис апа адам тағдырын шешуде қателікке бой алдырмауға тырысты.

Табиғатынан нәзік жанды полицей қыздың жолында түрлі жағдайлар кездесті. Қызмет бабында несібесін ұрлықпен тапқан бауқеспе ұрыларды да, жеңіл жолмен ақша табуды кәсіп еткен алаяқтарды да, қаныпезер кісі өлтірушілерді де көрді. Алайда, Гүлханис ешкімнен сескенбеді. Қандай қиындық болсын тік тұрып қарсы алып, өз күшімен, ынта-жігерімен жеңіп отыруға тырысты. Бұл тұста «мен тергеушімін» деп көкірек ұрып, істі атүсті қарай салу деген ой онда мүлдем болған да емес. Себебі, тергеушінің міндеті – қылмыскердің қылмысын дәлелдеп, айыбын тағумен ғана шектелмейтінін жақсы түсінді. Керісінше, болашақта оның осы сергелдең жолға қайталап түспеуіне, өмірден түңіліп кетпеуіне аз да болса өз үлесін қосуды қажет деген ойда болды. Және осы ойынан таймай, осы жолда аянбай қызмет етті.

«Шәкірт тәрбиелеу – ұлы іс» дейді халқымыз. Осы салада ол аянып қалған емес. Алайда, әрқашан қарапайымдылығымен ерекшеленіп жүретін Гүлханис апа «осы 17 жыл тергеуші болған кезіңізде шәкірт тәрбиеледіңіз бе?» деген сұраққа мынау менің шәкіртім, бастан-аяқ өзім тергеуші жасап шығардым деп айта алмаймын», – деп қарапайым ғана жауап береді. Десек те, бір ұжымда қызмет атқаратын әріптестері, қызметтес іні-сіңлілері оның білгенін үйретіп, әрқашан ақыл-кеңесін беріп жүретіндігін, өзінің білетінін ішіне түйіп қалмай, басқалар да білсін деген ниетпен жүретіндігін айтып отырады.

Тол мерекеде тәжірибелі тергеуші Г.Қайназарованың еңбегіне табыс тілеп, қызметінде абыройы арта түсуіне тілектеспіз.

Гүлжахан ҚАЙЫРБЕРГЕНОВА,
облыстық ішкі істер департаментінің
мемлекеттік тіл және ақпарат бөлімінің
басшысы.





СЕССИЯ ҚАРСАҢЫНДА

Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында өңіріміздегі мәдениет және өнер саласын дамытудың жайы мен оны жақсарту шаралары туралы мәселе қаралған болатын. Осыған орай облыстық депутаттар қаладағы біршама мәдениет ошақтары мен өнер мекемелерін аралап, жай-күйімен танысып шықты. Арнайы ұйымдастырылған шараға облыстық мәслихат хатшысы А. Әлназарова, облыстық мәслихат депутаттары мен мәдениет саласының мамандары қатысты.

ДЕПУТАТТАР МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫН АРАЛАДЫ



Депутаттар алдымен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының жұмысымен танысты. Облыстық кітапхана директоры Нұржамал Мырзамұратова жұмысшы топқа оқырман кітапхана келіп тіркелгеннен бастап қандай қызмет көрсетілетіні жөнінде кеңінен айтып өтті. Заманауи кітапхана интернет

кітап қоры мен кітаптарды қайта қалпына келтіру, түптеу жұмыстары жайында депутаттар өз ұсыныстарын білдірді. Қаржы көзін табу жолдарын да назардан тыс қалдырмады.

Одан әрі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған облыстық кітапханаға ат басын бұрды. Ондағы жұмыс барысымен таныса келе, мүмкіндігі

депутаттар жалпы мұндағы жұмыстарға көңілдері толды.

Жұмысшы топ өкілдері мұнан кейін көркемсурет галереясына табан тіреді. Мұнда Сыр өңірінен және республикаға танымал суретшілердің туындыларын көрді. Үйірме оқушыларының сабақтарына қатысты.

Соңғы шара А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде



желісіне қосылған. Кітап қоры да жеткілікті. Сондай-ақ, балалар, жасөспірімдер оқу бөлімін таныстырып, жерлес қаламгер Қалтай Мұхамеджановқа арналған бөлмені көрсетті. Онда жазушының жеке кітап қоры, Елбасының сыйға берген шапаны және басқа да құнды дүниелер орын алған. Кітапхананың

шектеулі жандар үшін жасалып жатқан жұмыстарды көрді. Нүктелі-бедерлі оқу кітаптарының соңғы уақытта шығарылмай жатқандығы сөз болды, кітапхана қызметкерлері туындылардың тек орыс тілінде ғана кездесетінін айта келе ұсыныстарын жеткізді. Оқырмандардың пікірін тыңдаған

жалғасты. Мұнда да мәдениет үйінің жалпы жағдайымен танысып, қызметкерлердің ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Ендігі мәселе алдағы уақытта айтылған ұсыныс-пікірлер облыс депутаттарының назарында болатын болды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТАР ТЫНЫСЫ

ҚАЗАЛЫ

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өтіп, онда аудан халқын жұмыспен қамтудың жайы, тұрғындарды қысқы спорт түрлеріне тарту мен балалар клубтарының жұмысы, ауданда «Құлан» және «Алтын асық» бағдарламаларының жүзеге асырылуы мәселелері қаралды.

Отырысты тұрақты комиссиялар төрағаларының ұсыныстарына сәйкес аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаков ашып, жүргізді. Комиссия отырысына аудан әкімі Б.Жаханов, аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Бірлескен отырыста «Аудан халқын жұмыспен қамтудың жайы туралы», аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Б.Төлегенова хабарлама жасады. «Аудан тұрғындарының қысқы спорт түрлеріне тартылуы және балалар клубтарының жұмысы туралы» хабарлама жасаған аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі мемлекеттік мекемесінің басшысы Н.Есбосынов аудан тұрғындарының қысқы спорт түрлеріне тартылуы басты назарға алынып отырғандығын жеткізді.

Тыңдалған мәселелерге байланысты аудандық мәслихат хатшысы Т.Бөріқұлаков аудан аумағында мұз айдындарын көбейту жөнінде ұсыныс жасаса, депутаттар К.Бижанов, М.Өтеев, Ө.Түктібай, Қ.Әлімбаев қаралған мәселелерге орай пікірлерін білдірді.

ҚАРМАҚШЫ

ҚОҒАМДЫҚ ҚАБЫЛДАУЛАР ӨТКІЗІЛУДЕ

Қармақшы аудандық мәслихат депутаттары, мемлекеттік мекемелер, білім беру ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ өкілдерінен «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасын әзірлеу және іске асыру туралы ережесіне сәйкес партияның аудандық филиалы құрамында тәлімгерлер мен сарапшылар топтары құрылды. Ұлт денсаулығы, білім және ғылым, әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыспен қамту, инновациялық экономика, кәсіпкерлікті қолдау мәселелерімен айналысатын топтар құрамында облыстық, аудандық мәслихат депутаттары бар. Осы мәселелерге байланысты халықпен кездесулер мен қоғамдық қабылдаулар өткізіліп, өзекті мәселелер тұрақты комиссия отырысына, сессияға ұсынылады.

СЫРДАРІЯ

ТИІСТІ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Апта басында аудандық мәслихаттың кезектен тыс XXXIX сессиясы болып өтті.

Күн тәртібінде «Сырдария ауданының округтік сайлау комиссияларын сайлау туралы» аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі №226 шешімі мен «Сырдария ауданының учаскелік сайлау комиссияларын сайлау туралы» аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі №227 шешіміне өзгеріс енгізу туралы мәселелер қаралды. Сессия қорытындысымен тиісті шешімдер қабылданды.

ЖАЛАҒАШ

ТӨРТ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Жуырда Жалағаш аудандық мәслихатының кезектен тыс XLII -сессиясы өтті.

Күн тәртібінде «2015-2017 жылдарға арналған аудан бюджеті туралы» аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №41-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар, Жалағаш ауданы әкімдігінің жанындағы терроризмге қарсы комиссиясының дербес құрамды бекіту туралы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 30 қазандағы №25-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы мәселе қаралды.

Сонымен қатар, аудандық мәслихаттың кейбір шешімдеріне сәйкес сайлау комиссияларын сайлау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу мен «Әкімшілік-аумақтық басқару схемасын бекіту туралы» Жалағаш аудандық мәслихатының 2010 жылғы 3 наурыздағы №27-4 шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері де талқыға түсті.

ШИЕЛІ

ДЕПУТАТТАР ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Дүйсенбі күні Шиелі аудандық мәслихатының кезектен тыс XXXVII сессиясы болып өтіп, онда «Аудандағы сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау және оның қорытындылары жайлы» аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 сәуірдегі №27/10 шешіміне өзгерістер, «Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасын бекіту туралы» аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 11 сәуірдегі №27/6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» және тағы басқа біршама мәселелер қаралды.

Сессия соңында аудандық мәслихат депутаттары аудан көлемінде тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізу тұрғысында тұрғындарға Үндеу жариялады. Онда халық қалаулылары еңбек ұжымдарын, тұрғындарды, барлық меншік түріндегі ұйымдарды, аудан жастарын әр елді мекенде парктер құруға және елді мекендерде соғыс және еңбек ардагерлерінің аллеяларын құруға шақырады.



Зобалаң кезеңдерден естелік айтқан көршімнің әңгімесі қолға еріксіз қалам алғызды...

“Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын” заманында азын-аулақ малы үшін айдалып кеткен әке-шешеден жастайынан тұлдыр жетім қалған Зағипа мен Әнуза тағдырдың айдауымен Қостанайдан жел айдаған қаңбақтай Сыр өңіріне табан тіреген еді. Оларды жақын адамдары Қазалыдағы жетімдер үйіне тапсырады.

Құдайы көршім Әсемнің айтуынша, әкесі Сейіт Өмірбеков қазіргі Бекарыстан би ауылынан Фин соғысына аттанып, елге аман-есен оралып, 1941 жылдың сәуірінде Әнузамен отау құрады. Жас жұбайлардың қуанышы көпке созылмай, Ұлы Отан соғысы басталып кетіпті. Жас отаудың шырқы бұзылып, Сейіт 1941 жылдың шілдесінде майданға аттанып кете барады.

Қылшылдаған жас жігіт жарын қимаса да Отан қорғау алдындағы жауапкершілікті түсіне отырып: “Әнуза, мені күт, майданнан

Алла қаласа аман ораламын”, – деп оған жігер береді. Кейін: “Осы сөздің аузымнан қалай шығып кеткенін өзім де аңғармай қалдым, асылы аузыма Алла салған шығар”, – деп айтып отырады екен...

Жастайынан өмір қиыншылығын сезініп өскен Әнуза Жоламанованың бары да, нары

ЕРІНІҢ СОҒЫНАН СОҒЫСҚА АТТАНҒАН

да Сейіт болатын, содан да болар Әнуза: “Отанды қорғау ер-азаматтың борышы, алайда қарайлайтын кімім бар, артыңнан мен де жетермін”, – деп жігерлі түрде жауап беріпті. Айтқандай-ақ жас келіншек көп ұзамай өзі сұранып жүріп майданға аттанып, мергендер сапына қосылады.

Сейіт Өмірбеков соғыс жылдары екі рет жараланып, екі мәрте қайта қатарға қосылады, 1945 жылы омырауы наградаларға толып, елге оралады.

Қазалы ауыл шаруашылығы техникумын бітіріп, Қазалы нан зауыдының директоры, жалағаш, Жанақорған аудандарында ауыл шаруашылығы салаларында басшылық қызметтер атқарып, өмірінің соңғы он бес жылында Арал қалалық нан зауытының, кейін астық тарату базасының директоры болып абыройлы еңбек етті.

От ортасында өмір үшін өліммен

бетпе-бет келген ерлі-зайыптылар “Қайта қауышымыз-ау”, – деп әсте ойламаған, “От ішінде мақтаны сақтайды”, – демекші, ажалы жоқ адамның от ортасынан да аман орталатынына кейін көздері жетті, қос майдангер аман-есен табыскандарына қуанып, тән жараларын елемей, жас отаудың

отын қайта жаққан.

– Анамның қол сүйегінің еті жоқ еді, сондықтан үнемі ұзын жең көйлек киетін, – дейді Әсем.

Әнуза Жоламанова соғыстан кейінгі марксизм-ленинизм мектебіне жіберілген алғашқы әйелдердің бірі еді. Адалдықты өмірінің өзегіне айналдырған ол ғұмыр бойы партия-совет орындарында жұмыс істеді. Оған кезінде Қаз ССР Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамбет Ахметұлы Қонаевтың атынан “Волга” машинасы сыйға тартылғаны бүгін естелік қана. Қазалыдағы Мұратбаев мұражайында ол кісіге арналған бұрыш бар. Өмірінің соңғы жылдарында Арал аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің басшысы болды. Арал өңірінің тұлғаларына арналған “Арал” кітабында ол кісіге орын берілген.

Ерлі-зайыпты майдангерлер өмірден өтіп

кетсе де, ұрпақтары олардың өмірін лайықты жалғастырып келеді. Қыздары Клара мен Света ОҚО-ның абыройлы педагогтары, Әсемді байланыс бөлімінің құрметті қызметкері ретінде қазалылықтар жақсы біледі, Ботагөз облыс орталығында жоғары дәрежелі балалар дәрігері, Бақыт – Шымкент кұқық қорғау саласының ардагері, Болат – Ақтөбе авиақалашығының аға диспетчері.

Қазак: “Орында бар оналар” – деп осындайды айтса керек.

Дәрікүл МАХАМБЕТОВ.
Байқоңыр қаласы.



ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР

Кезінде бүкіл дүниежүзілік сипат алып, Еуропа мен Азия құрлығының бірқатар мемлекеттерін шарпыған, Кеңестер Одағының 20 миллионнан астам адамының өмірін қиған Ұлы Отан соғысының аяқталғанына биыл 70 жыл толады. Жеңісті жақындатуға атсалысқан әр кеңес әскерін қалай мақтаса да жарасады. Олардың қатарында Отан соғысында от кешіп, сол кездегі Одақ астанасы Мәскеу қаласының түбіне дейін жеткен неміс басқыншыларын өз ұясына қарай түре қуып талқандауға өзіндік үлес қосқан сырбойлықтар да көптеп саналады. Облыс бойынша Ұлы Отан соғысына 150 мыңдай азамат аттанып, оның 30 мыңы мәңгі жас қалпымен майдан даласында қалды. Ал 21 қызылордалыққа Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысқан әкесі не атасы жайында айтқан хаттар легі редакция поштасында толассыз түсуде. Біз бүгін оқырмандарға өз атасын мақтаныш еткен немерелердің лебіздерін ұсынбақпыз.

ПУЛЕМЕТШІ ҚАНАТ

Қазалылық Қанат Ізбасарұлы 1942 жылы бар болғаны 19 жасында Отан қорғауға аттанады. Алдын ала соғыс кимылдарына үйренген сержант Қанат Ізбасаров Бас қолбасшының қарауындағы 39 зениттік-артиллериялық дивизиясы 1406 полкі 2-батереясы командирінің орынбасары ретінде Балтық жағалауы майданына қатысып, жау қолындағы Смоленск, Рига қалаларын, елдің шығыс бөлігін басқыншы жаудан азат етуге атсалысты. Оның жанқиярлық ерлігі “І дәрежелі Отан соғысы” орденімен, “Ерлігі үшін”, “Германияны жеңгені үшін” медальдарымен марапатталды.

Атамның бір ғана ерлігін айтып өтейін. Жаудың өз ұясына жақындаған сайын қарсылығы үдеп, түрлі жанкешті әрекеттерге барғаны мәлім. Дұшпанның 1945 жылғы наурыздың 24-нен 25-не қараған түнгі дәл осындай шабуылында үдемелі артиллериялық-минометтен үстін-үстін жаудырылған соққыларға қарамастан шабуылдаушы Қанат өз пулеметімен алға жылжи отырып, оларға қарсы дәлме-дәл қуатты соққылар жасайды. Бұл ұрыста ол жаудың жаяу әскерін бөлімнен бөлімшеге дейін бытыратып қуып, жойды. Сөйтіп өзінің дәл соққыларымен полктың жаудың қарсы шабуылына күйрете тойтарыс беруіне үлес қосады. Осы ұрыста ол “Ерлігі үшін” медаліне ие болады.

Соғыстан кейін Қазақстанның 40 жылдығы атындағы совхозда ферма меңгерушісі болды. Зейнетке шыққанға дейін ауылда түрлі салаларда жемісті еңбек етіп, кеңшар экономикасын өркендетуге өзінің лайықты үлесін қосты. Жары Збайдамен жиырма екі жылдай тату-тәтті ғұмыр кешті. Өкініштісі сол, жары өмірден ерте кетті де Қанат атам өзінің үш баласына аналарын жоқтатпай, жақсы тәрбие берді. Токсан жасты бағындырған атам әлі тың, бізге зұлмат жылдар жайында естеліктер айта отырып, ондай қырғынның енді қайталанбауын, елдің бейтітішлікте өмір сүруін тілейді.

Женіскүл ІЗБАСАР,
№94 мектеп мұғалімі.
Жаңқожа батыр ауылы.

ЖАЯУ ӘСКЕР ТӘЖІ

Менің нағашы атам Тәжі Бекібаев ел басына күн туғанда бұрынғы Сырдария ауданына қарасты «І Май» колхозындағы сегізжылдық мектепті бітірген екен. Он сегізге толып, жалындап тұрған бозбала әскерге шақырылады. Жылға таяу әскери дайындықтан өткен ол ел қорғауға етене араласады. 1942 жылы Волга бойындағы кескілескен ұрыста аяғынан жараланып, бір қолының төрт саусағынан айырылады. Сөйтіп Ташкенттегі әскери госпитальға жіберіледі. 1943 жылдың соңында Қызылордадағы соғыстан қашқандарды ұстайтын НКВД-ға әскер басы болып сайланып, Қаратауда қызмет атқарған. Соғыстан кейін туған жеріне оралып, осындағы мектепте балаларға әскери дайындықтан сабақ береді.

Тәжі 1946 жылы Қызайша атты қызға үйленіп, жаңадан құрылып жатқан Ащықұдық ауылына қоныс аударады. Тәжі атам егін саласында арба айдап, орақ орады, комбайн айдайды. Үш жылдан кейін жаңадан ашылған мектепке мұғалімдікке орналасады. Он жылдай мұғалімдікпен айналысқан атама аудан басшылығы төрт ауылдың мал шаруашылығы саласы еңбеккерлеріне мәдени қызмет көрсететін Қызыл отаудағы үгітші-насихатшылықты, ал әжеме қызыл мүйістегі кітапхана жұмысын сеніп тапсырады. Атам бұл жұмысты атқара жүріп, ауылдағы мәдениет үйінің бастығы Дүйсенбі Бектауовқа көп көмек көрсетеді, домбыра үйірмесін ашып, оның жұмысын жандандырады. Атам одан кейінгі жылдары аудандағы сиыр, қой фермаларын басқарған. Қай жұмыста жүрсе де тындырымдылығымен, ұйымдастырушылығымен көзге түскен Тәжі атам әжем екеуі 11 ұл-қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың бәрі де өмірден өз орындарын тапты.

Атам Тәжі Сыздықұлы кезінде халық қалаулысы да бола білді. Оның ер азаматқа тән табандылығы мен ежеттілігін, қызметіне талапшылдығы мен адалдығын ауылдастары жыр етіп айтады. Атамыздың жүріп өткен өнегелі өмір жолы ұрпағы үшін мәңгі мақтаныш, үлгі бола берері хақ.

Мәлдір ЖҮБАТҚАН.
Шиеді ауданы,
Балаби ауылы.

БАРЛАУШЫ ОРНАЛЫ

Біздің отбасымыз үшін Ұлы Жеңіс мерекесінің орны ерекше. Себебі, бұл күні біз соғыстың бар ауырtpпалығын бастан өткерген аталарымызды еске алып, олардың рухына бас иеміз. Солардың бірі – өз атамыз Орналы Сағымов. Ол 1944 жылы 19 жасында соғысқа алынып, Курск доғасында Батыс Украина майданының жаяу әскері қатарындағы барлаушылар сапында неміс-фашист басқыншыларына қарсы күрескен. Орналы әскери барлау бөлімінің тапсырмасы бойынша өз тобымен бірге сан мәрте жау тылына өтіп, олардың әскери техникаларының орналасуын картаға түсіріп қана қоймай, қолға түскен аса құнды құжаттарды да әскери штабқа тапсырып отырған. Бірде атам кезекті барлау тапсырмасын орындап қайтып келе жатқанда немістердің тосқауылына тап болып, қиян-кескі шайқасқа түскен. Сол ұрыста минаға түсіп, аяғынан ауыр жараланады. Осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін “Барлау ісінің үздігі” медаліне ұсынылады. Ол Березино қаласындағы госпитальда ұзақ емделіп, І топ мүгедегі ретінде елге оралады.

Бейбіт өмірде атам қатардағы колхозшы, ауылдық кеңестің хатшысы, мектеп есепшісі, аудандық атқару комитеті азық-түлік дайындау бөлімінің бастығы, аудандық жоспарлау бөлімінің маманы, бірнеше шаруашылықтың бас есепшісі, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы тексеру бөлімінің бастығы қызметтерін абыройлы атқарды. Қазалы жол құрылысы басқармасында бас есепші болып жүріп, зейнеткерлікке шықты. Балалары мен немерелерінің қызығын көріп, 70 жасты

бағындырып барып, 1995 жылы өмірден озды. Атамыздың асыл бейнесі мәңгі жадымызда сақталары анық.

ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН ӘБЖАН

1942 жылғы маусым айында Арал ауданынан соғысқа аттанған нағашы атамыз Әбжан Ерниязов аз уақыт әскери дайындықтан өтіп, Сталинград шайқасына қатысқан. Оның соңғы хаты сол жылдың желтоқсан айында келді. Онда Әбжан атамыз өзінің Отан қорғау жолында аянбайтынын, жауды өз ұясында талқандайтынын, елге жеңіспен оралатынын жазған екен. Келер жылдың наурыз айында ол қызмет атқарған әскери бөлімнен “Қатардағы жауынгер Ерниязов Әбжан хабар-ошарсыз кетті “ деген қара қағаз келген. Отан үшін от кешкен атамыздың майдан даласында қалған мыңдаған кеңес жауынгерлері секілді ерлікпен қаза тапқаны анық. Алайда, қаншама іздеу салынғанымен өзге дерек таппадық.

“ҚАЗАЛЫНЫҢ АЛТЫНСАРИНІ”

Бір әулеттің ғана емес, тұтас Қазалы өңірінің, ондағы білім саласының мақтанышына айналған тағы бір атамыз – Бердікен Мергенбаев. Ол 1942 жылдың 15 сәуірінде майданға аттанып, неміс басқыншыларынан Отанның бір сүйем жері үшін жан аямай соғысты. Кеудесіне “Ұлы Отан соғысы” ордені мен “Германияны жеңгені үшін” медалін таққан Бердікен Мергенбаев 1945 жылдың қарашасында елге оралды.

“Қазалының Алтынсарині” атанған Бердікен атамның ұстаздықпен өткен өмірі көпке өнеге. Оның ұзақ жылғы ұстаздық өмірі Ленин орденімен, “Білім беру ісінің үздік қызметкері”, “Еңбектегі ерлігі үшін” медальдарымен бағаланды. Сонымен қатар ол “Қазақ ССР-не еңбегі сіңген мұғалім” атағын иеленген жан. Өзі өмірден өтсе де атамды елі есінен шығарған жоқ. Бүгінде Қазалы қаласындағы бір көше мен кенттегі №226 мектеп-гимназия ұлағатты ұстаз Бердікен Мергенбаевтың есімімен аталады.

Темірхан, Арман САҒЫМОВТАР.
№249 мектеп-лицей оқушылары.
Әйтеке би кенті.

ШЕКАРАШЫ ӘБДІМӘЛІК

Қармақшылық Әбдімәлік Бегалиев қанды қырғынға 1943 жылдың ақпан айында аттанды. Ол құрамында болған 207 батальон шекара күзетінде болды. Неміс-фашист басқыншылары өз ұясында талқандалғанымен шығыс жақтан Жапония бас көтерді. Әбдімәлік атам Манчжурия шекарасындағы ұрыстарға белсене араласты. Хайлар бекінісін талқандап, Манчжурия, Хартинді алудағы жүргізілген шайқастарда батылдығымен, ерлігімен көзге түсті. “Ұлы Отан соғысы” орденімен қатар бірнеше медальдарды иеленген Әбдімәлік Бегалиев елге 1948 жылдың көктемінде оралады.

Гурев қаласындағы зооветеринарлық техникумында білім алған атам Қармакшы ауданының ұжымшарларында жемісті еңбек етті. Сол кездегі Ленин атындағы ұжымшардың төраға орынбасары, мал маманы, бригадир қызметтерін атқарды.

Өзінің балалары мен немерелері үшін өмір бойы еңбек еткен атамыз ары таза қалпымен өмірден өтті. Бізді де, айналасындағы адамдарды да тек адалдыққа, мейірімділікке баулыды. Оның асыл бейнесі біздің жадымызда мәңгілік қалады.

Балымша БЕГАЛИЕВА,
№29 орта мектеп мұғалімі.

Дайындаған Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.



“Берекені көктен тіле-
ме, еткен еңбектен тіле” деп
Абай атамыз айтқандай,
жас кәсіпкер Нұргүл Аса-
нова бірнеше жылғы ізде-
нісі мен еткен еңбегінің
арқасында өзінің кәсібін
ашып, бүгінде соның же-
місін көріп отырған жан-
дардың бірі. Қазіргі күні ол
басқаратын “Ақүйік нан”
наубайханасы мен сауда
орталығы халыққа қалтқы-
сыз қызмет көрсетіп келеді.
Әрине, қандай да бір
істің оңайлықпен жүзеге
аса қоймайтыны да белгі-
лі. Нұргүл де сондай қи-
ындықтарды бастан өткер-
ді. Десе де ол әрбір іске
ынтамен кірісті. Соның
арқасында жолында кез-
дескен кедергілерді жеңе
білді. Кәсіпкерлік жұмы-
сын ол алдымен майда тір-
ліктерден бастады. Сөйтіп
уақыт өте келе дүкен са-
тып алуға қол жеткізді.
Бүгінде үлкен сауда орта-
лығына айналған бұл дү-
кен “Ақүйік” аталады.
Алғашында мұнда халық
бірінші кезекте тұтынатын
нан және нан өнімдері
сатылды. Кейіннен сауда
айналымы жақсарған

кезде басқа да азық-түлік
өнімдері мен тауарларды
да тұтынушылар назарына
ұсынды.
— Наннан асқан
қасиетті тамақ жоқ қой, —
дейді бізбен әңгімесінде
жеке кәсіпкер Н.Асанова.
— Ашылған дүкенде жұмыс
істеуді бастағанда осы
нан сатудан бастағанбыз.
Бұған дейін нан және нан
өнімдерін басқа өнді-
рушілерден сатып алатын-
быз. Сонан маған осы нан
мен нан өнімдерін өзіміз



КӘСІПТІҢ ӨРІСТЕЛІККЕ КЕЛІНІШЕК

дайындасақ кайтеді деген
ой келді. Сөйтіп, қаланың
батыс бөлігінен “Ақүйік”
наубайханасын аштық.
Иә, жас кәсіпкерге
наубайхананы ашу ісі де
оңайға соқпаған. Осы тұста
оған мемлекеттің “Жол
қартасы” бағдарламасына
орай жүзеге асырылып жат-
қан кәсіпкерлікті қолдау
бағдарламасы аясында
көп көмек көрсетілген.
Соның бастысы, кәсіпкер
осы бағдарламаға орай
өткен жылы бес жылға
алты пайызбен 15 млн
теңге несие алды. Сөйтіп,
осы қаржыға үш “Газель”
автокөлігін және Түркия
елінен наубайханаға қа-
жетті қондырғылар мен
құрал-жабдықтар сатып
алып, орнатқан. Соның
нәтижесінде кәсіпкер
келіншек басқаратын наубай-
ханада күніне үш мың
дана нан мен жарты тон-
надан астам тәтті тоқаш
өнімдері шығарылады.
Әрі дайын болған бұл
өнімді сол мезетте қала

мен Сырдария, Жалағаш,
Қармақшы аудандары мен
қала іргесіндегі елді ме-
кендердегі сауда нүкте-
леріне жеткізеді. Дәмі
тіл үйретін сапалы нан
мен нан өнімдеріне деген
сұраныстың күннен күнге
артып келе жатқанын
айтқан кәсіпкер алдағы
уақытта мұнда өндірілетін
өнімдерді қазіргіден де
көбейте түсуді де ойлас-
тыруда.
Жалпы жеке кәсіпкер
Нұргүл Асанованың аш-
қан дүкені мен наубайха-
насында алғашқы жыл-
дары екі-үш-ақ адам
жұмыс істесе, бүгін-
де олардың саны 25-ке
жетіп отыр. Мұнда жұмыс
істейтіндердің орташа
жалақысы 45-50 мың
теңгені құраса, жүргізуші-
экспедиторлардың айлығы
80 мың теңгеден айналады.
Бір айта кететін жайт,
наубайханада өндірілетін
барлық өнім арнайы сер-
тификаттаудан өткізілген.
Ал онда жұмыс істейтін

негізгі технолог секілді
мамандар Алматы қаласын-
дағы арнайы курсты бітіріп
келген. Сондай-ақ, мұнда
ерекше назар аударатын
жайт, ол кәсіпкердің наубай-
ханасы еліміздің Әділет
министрлігінде зияткерлік
меншік ретінде тіркелген.
Тереңөзек ауданының
Асқар ауылында дүниеге
келген Нұргүл Асанова
мектеп бітірген соң арман
қуып, қалаға келген.
Қызылорда медициналық
колледжін тәмамдаған
ол нарықты экономика
жағдайына тез бейімделіп,
кәсіпкерлік жолына
түскен. Оның кәсіпкерлік
жұмысының кеңінен өріс
алуына жолдасы Бақытжан
Тілеуқабыловтың көп
көмегі тиді. Өйткені,
Бақытжан да жеке кәсіппен
айналысады. Олар үйде де,
жұмыста да тек қана бірлік
берекеге бастайды деген
қағиданы ұстанады екен.

Айгали
ҚАРАБАЛАЕВ.

● КӨКТЕМ ЖЫРЛАРЫ

ЖҰЛДЫЗДАРҒА СЫР АЙТТЫМ

Оралу

Сағымға сіңіп, сенделіп,
Санамнан көшті
сырлы әлем.
Адасқан жандай күн кешіп,
Жадымнан ұшты нұрлы әуен.

Меңіреу, мәнсіз мүлгідім,
Қымтап ап көңіл түндігін.
Шарықтап көкке ұша алмай,
Құмығып жатты бұлбұл үн.

Бұғалық кидім бұлқынбай,
Көктегі сыңар
күрсінді ай.
Жұлымы шыққан жүрегім
Шыдады қалай жыртылмай.

Тұнығын аңсап кәусардың,
Тандайым кеуіп,
тамсандым.
Бал-шырын болмай зәмзәмім,
Зәрлі нәр таттым канша күн.

Сөйткен бір шақта шұғыла,
Орады таным нұрына.
Ояным, Жаным, сен үшін,
Оралдым, Жырым, сен үшін.

Күзгі бактарда
Сары алтын жапырақтарға
Сырымды ақтардым.

Ешкімді қаламай,
Ешкімге қарамай,
Көңілде күзгі саз,
Жапырақ күй кешіп,
Жүрекпен тілдесіп,
Мен үнсіз келемін.

Сарытап әлемге,
Сыңсыған әуенге
Ұқсайтын мендегі
Бір күйге оранып,
Сыбырлап келемін,
Айтар деп бір емін.

Күзгі бактарда
Сары алтын жапырақтарға
Сырымды ақтардым.
Армансыз ақтардым,
Бәрі бір,
Сарғайған сағыныштарыма
Жұбаныш таппадым.

Сіңілім,
Жанарың бүгін неге
жасқа толды?
Жүруші ең күндей күліп,
Отынды көзіндегі өшіруге
Ешкімнің қақысы жоқ,
таста мұңды.

Қайтейін, қаракөздер,
сіңілдерім,
Жүздеріңе күрсінген
үнілген кім.
Менің де күміс күлкім

өшкен шақта,
Бағымнан бір конатын
түңілмедім.

Сенбейді екен бұл өмір
көз жасыңа,
Әлсіздікке берілме,
еш жасыма.
Серпіп таста, сілкін де
мұң пердесін
Биік болу жарасар қыз басыңа.

Өзіңе сен, өршіл бол,
өкінбейсің,
Кім армансыз өмірден
өтер дейсің.
Өзіңдегі өзегің мықты болса,
Қорғаныңды құлатпай,
бекемдейсің.

Сонда сенің жұлдызың
жана берер,
Сұқтанғандар жүзіңнен
арай көрер.
Сағынды сындырғысы
келетіндер,
Шәуілдеп, ту сыртыңда
қала берер.

Мен өмірді сүйемін

Қуандым да, мұңайдым да,
көп нәрседен үріктім,
Тіктелдім де тіршіліктің
өкінішін ұмыттым.

Армандарға алдансам да,
мұқалмадым, сынбадым,
Солдырмадым жүректегі өзім
еккен гүл бағын.

Күнге күліп, айды аялап,
жұлдыздарға сыр айттым,
Гүлді құшып, ақша бұлтқа
аспандағы құмарттым.

Жапырақтың сыбдырынан
өзгеше бір күй ұқтым,
Құстар үнін тамылжыған
өз әнімдей сүйіппін.

Ақ жауынға нөсерлеткен
ақ бетімді жуғыздым,
Найзағайдан от алдым ба —
жарқыраған жұлдызбын.

Тау шыңына тәңті болдым,
асқарына паң жатқан,
Өзендері өрекіпген өжеттікпен
тамсантқан.

Аппақ қарды алақанға
көбелектей қондырдым.
Шеберлігін тәңірімнің
мойындатып ол тұрды.

Ақшағылдың табанымнан
өткен жұмсақ жылуын,
Туған жердің маған төккен
мейірі деп ұғындым.

Үрзия ЖҰБАТЫРҚЫЗЫ.



**Гүл – сыйлыққа
таптырмас дүние.
Сұлулыққа толы
осы бір затқа әйел
заты ерекше ықылас
аударады. Осы ретте
нәзік жандылар
мерекесі жақындап
қалды. Сондықтан
екінің бірінің
құшағынан қызылды-
жасылды гүлдерді
көріп жүрміз. Алайда
соңғы уақыттарда
оралған гүлдерден
гөрі құтыда өсетін
гүлдерге ерекше
мән берілуде. Себебі
күтімін жасасаң
жайқалып өсе береді.
Көпжылдық өсімдікке
айналады. Алайда
оны өсіріп, күтіп-
баптауға келгенде
еңбек қажет.**

Осындай гүлдердің ба-
бын келтіріп, кәсіп көзіне
айналдырған Ырысты Мұса-
баева. Ол гүл сатумен, күту-
мен 17 жыл айналысқан
екен.

— Нәзік жандылар мере-
кесі болғандықтан гүлдерге
деген сұраныс артып жатыр.
Көріп тұрғаныңыздай мына
қызғалдақтарға тапсырыс
берген еді. Енді сәндеп орап,
дайындап жатырмыз. Менің
негізгі мамандығым — ин-
женер. Өзім гүлді жақсы
көргендіктен гүл сатуды
қолға алдым. Алғашқыда
шағын дүңгіршекте отырып

бастадым. Одан кейін ба-
зарға шығып, сонда белгілі
орын алып, сонда саттым.
Кәсібімді үлкейту негізінде
2012 жылы жеке кәсіпкер
атандым. Сөйтіп мына екі
бөлмелі ғимаратқа көштік.
Қазір мұнда 12 адам қызмет

Мысалы қялкі деп аталатын
гүл өте нәзік. Ол қыркынан
шықпаған сәби секілді. Күті-
мі ерекше болып келеді.
Оның үстіне бір тамшы су
тиіп кетсе гүл солып қала-
ды. Оған суды түбіндегі
ыдыс арқылы құямыз. Суы

жайына қарай дараланады.
Мәселен, кеңселерге ағаш
гүлдерді алатын көрінеді.
Ал, ең көп сұранысқа ие
гүлдердің қатарына әйел
бақыты, теңгегүл, отба-
сы гүлі жатады екен. Әрбір
гүлдің бабы бөлек болған

ГҮЛДІҢ ДЕ СЫРЫ БАР



етеді. Олар гүл ораушылар,
сәндеушілер, күтушілер әр-
қайсысының өз жұмысы
бар. Бір қарағанда бұл же-
ңіл кәсіп болып көрінер, бі-
рақ гүлдерді күтіп-баптау
өте қиын. Гүлдер жас бала
секілді мейірім мен жылу-
лықты үнемі қажет етеді. Жө-
не де әр гүлдің өз сыры бар.
Күтіп-баптауына келгенде
де әрбір гүлдің күтімі бөлек
болады. Сатып алушыға күту
жолдарын айтып отырамыз.

қайнаған жылы болуы тиіс.
Және де оған үнемі жылы
сөздер айтып отырамыз, —
дейді гүл сатушы.

Расында, кез келген істің
өз қиыншылығы мен қызығы
болары анық. Ырысты апа
гүлдерді Голландия, Таш-
кент секілді өзге елдермен
қатар өзіміздің Алматы жә-
не Сарыағаш қаласынан ал-
дырады екен. Негізінен дү-
кенде гүлдің 40-тан астам
түрі бар. Олар кеңсеге, үй-

соң, сыры да көп екен-
дігін білдік. Гүлдің ар-
тық бұтағын тазалау, түрлі
тыңайтқыштармен нәрлен-
діріп отыру негізгі жұмыс
көзі саналады. Ал, баға-
сына келетін болсақ қол-
жетімді. Мұндағы гүлдер
1000-25000 теңге аралы-
ғында болып шықты. Бұл
гүлдің ерекшелігі мен көле-
міне байланысты. Бір жа-
ғынан бөлме гүлдерінің
сәндік үшін ғана емес, адам
денсаулығына да пайдасы
орасан болып келеді. Олар
бөлменің ішіндегі лас ауа-
ны тазартып, өзінен таза от-
тегі болатынын көбіміз біле
бермейтініміз ақиқат.

Иә, туған күн, құттықтау,
марапаттау болсын құшақ-
құшақ гүл беретініміз бел-
гілі. Адам көңілін көтеріп
ғана қоймай, денсаулыққа
пайдасы бар екенін білдік. Ең
бастысы, жақындарымызға
үнемі гүл сыйлап отыруды
естен шығармағанымыз аб-
зал.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● АУЫЛ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ



Қазір жұртты азық-түлік мәселесі көбірек толғандырады. Деректерге сүйенсек, дүниежүзінде етке сұраныс – 2, суға 1,5 есеге көтерілген. Қазіргі кезде ет және ет тағамдарының тапшылығы байқалады. Болашақта өте қажет тауарлардың тізімінде болатындығын ғалымдар мен сарапшылар жиі айтып келеді. Азық-түлік өнімдерінің сапасы өмір сүру ұзақтығына әсер етеді. Халық дұрыс тамақтанса аз ауырады, өлім азайып, баланың өмірге келу деңгейі артады. Міне, бұл әлемдегі медицина ғалымдарының ғылыми тұжырымдамасы.

Сонда қарапайым халық қандай ас өнімдеріне көбірек көңіл бөлуі тиіс? Сонымен қатар, біздің өңірде өсірілетін қаракөл қой шаруашылығына қаншалықты мән беріп келеміз? Осы тұрғыда мамандар төмендегіше өз жорамалдарын жеткізеді. Мәселен, жас қозы еті таңдайына татитын астың түрі саналады. Арнайы зерттеулердің нәтижесі бойынша жас қозы етінде ересек қой малы етіне қарағанда нәзік, жұмсақ, аса бағалы бұлшық еттері көбірек, сүйек мөлшері кемдеу, холестерині 2 есе төмен биологиялық құндылығы жоғары өнімге жатады. Қозы қорытқан азықтың 75 пайызына дейінін адам ағзасындағы бұлшық ет, май, сүйек құрылысына пайдаланады. Бұл олардың азықты өте жоғары сіңіріп, пайдаланатынын көрсетеді.

Еділбай және қазақтың қылшық жүнді құйрықты тұқымдарының сақа қой еті майлы болғандықтан, ұзақ қорытылатын тағам түріне жатады. Қазіргі заманның тұтынушылары майлы ас мәзірлерін жактырмайды. Жиі тамактанатындықтан көбінесе жеңіл асты тұтынуға әуес. Олардың еттің сапасына талғамы өте жоғары. Әсіресе жастар мен ұлғайған адамдарға пайдалы. Осы тұрғыдан алғанда, майлылығы аз (10% дейін)

генде өнімінің саны мен сапасы, қаракөл елтірісінің бірінші сорттылы орташа сату бағасы, етке өткізілген қойдың тірілей салмағы өсімге қалдырған ұрғашы қозылардың үлесі мен жалпы саны туралы көрсеткіштері негізге алынатын еді. Қазір баспасөз ақпараттарында тек қой мен ешкінің саны және асылданған шаруашылықтың саны мен атауы ғана көрсетіледі. Кейінгі кезде өңірімізде қаракөл қой саны жылдан жылға азайып

Қаракөл қой терісін және елтірісін өңдеп бұйым дайындау және оны сату арқылы қаракөл қой шаруашылығының экономикалық тиімділігін арттыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Бұл бағытта кезінде өзін басқарған облыстық қаракөл қой шаруашылығы тәжірибе станциясымен Аманкелді атындағы эксперименталдық кеңшардың негізгі міндеттерінің біріне жатқызып, оны орындау үшін дамыған Еуропа мемлекеттерінің тәжірибесімен

Сондай-ақ, біздің мамандар Антони Запотоцкий атындағы комбинаттың бас директорының орынбасары Ир-ти Шишка мен Добрич қаласындағы терілен қолғап жасайтын комбинаттың инженер-технологы Нуска Иртидің арнайы шақыруымен бір ай кеңшардың тері илеу цехында қаракөл терілерін өңдеумен айналысты. Теріні өңдеп болғаннан кейін оның сапасына қарап шетелдік азаматтар маған:

– Суықты өткізбей жылылықты сақтау қасиеті бойынша меринос, биязы қойлардың терісінен артықтығы бар. Сіздер алтынды аяқпен басып жүр екенсіздер, – деген еді. Сөйтіп, қой терісінен қысқа тон, қаракөл елтірісінен әйелдер мен ерлердің бас киімдері және аяқ киім бұйымдары тігіліп сатылды.

Бұл міндетті орындауда сауда рыногында қаракөл елтірісінен жасалған бағалы бұйымдардың сұранысы және оның бағасы жоғары екендігі ескерілді. Осыған орай Мәскеу қаласында жұмыс істеп тұрған Оңтүстік Кореяның «Джиджо-Рус» атты комбинатымен 1991 жылғы тамыз айында біріккен кәсіпорын аштық. Екі жақтық келісім бойынша Аманкелді атындағы кеңшар өзінің өндірген 8 мың дана сұр қаракөл елтірісін беруді, ал «Джиджо-Рус» ол елтіріні өңдеп бағалы бұйымдар – жакет, манто, беретқа дайындап сатуды міндеттенді. Таза табыс 50 пайыз үлеспен бөлісуге келісілді. Бұл істің нәтижесі 6-8 ай мерзімде орындалып, табысы анықталды. Өңдеуге берілген 8 мың дана елтіріден Аманкелді атындағы кеңшар есебіне 5900 мың сом ақша түсті. Оның бір данасы 650 сомнан сатылса, облыстың басқа қой шаруашылығы кеңшарларының өндірген қаракөл елтірісінің орташа бағасы 50 рубльден аспағаны белгілі еді.

Сондықтан қаракөл елтірісін өңдеу мәселесіне өз деңгейінде зер салғанмыз артық емес. Бұл орайда нақты іс-шараларды қолға алғанмыз артықтық етіпеді.

Нұрман ЖҮНДАБЕКОВ,
биология ғылымының кандидаты,
Қорқыт ата КМУ оқытушысы.

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы №38 шешімі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 27.02.2015 жылы № 4888 тіркелген

2015 ЖЫЛЫ ӨТКІЗІЛЕТІН БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

- Облыстық, аудандық және Қызылорда қаласының бюджеттік бағдарламалар әкімшілері үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі айқындалсын.
- Қосымшаға сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер айқындалсын.
- «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.
- Осы шешімнің орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Н.Н. Годуноваға жүктелсін.
- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев.

Қызылорда облысы әкімінің 2015 жылғы «16» ақпандағы №38 шешіміне қосымша

Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді бірыңғай ұйымдастырушы орындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер

№ п/п	Атауы
1.	Тауарлар:
1)	серверлерді сатып алу (оларды сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген жиырма мың еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспаған жағдайда)
2.	Жұмыстар:
1)	денсаулық сақтау нысандарының жаңа құрылысы
3.	Көрсетілетін қызметтер:
1)	мүгедектердің санаторлық-курорттық емделуі

Ескертпе:

- Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушысымен орындалатын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу:
- өнім берушіні таңдауды және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды регламенттейтін «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданбай;
 - ерекше тәртіп қолданыла отырып жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуларға қолданылмайды.

«Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Чайковский көшесі № 13 үй, анықтама үшін телефондары: 8 7242/ 23-45-90, факс: 8 7242/ 23-45-98, e-mail: zhengzhai.kz «Б» корпусі бас мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

1. Әкімшілік құқықтық жұмыстар бойыншiн басшысы-мемлекеттiк инспектор (D-O-3 санаты, 1 бiрлiк). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақысы 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейiн (экологиялық коэффициенттi есепке алмағанда).

Негiзгi функционалдык мiндеттерi:

Бөлім жұмысын ұйымдастыру мен іске асыру, ұзақ мерзімді және ағымдағы бекітілген жоспарлар бойынша шараларды атқару, бөлімнің жұмысын жасақтау жөнінде ұсыныстар енгізу. Басқарма басшысы мен оның орынбасарының тапсырмаларын орындауды қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының жер заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген шығынды (зиянды) өтеу туралы, өз мақсатында пайдаланбай не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылып жатқан жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою туралы, жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың лауазымды адамдарының анықталған Қазақстан Республикасы жер заңнамасын бұзушылықтары жою жөнінде берген нұсқамаларын (ұсыныстарын) осы «ұсынама» бекітілген шешімде көрсетілген мерзімде орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда оларды орындау туралы сотқа талап-арыз дайындау және бақылау. Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі талаптарына сәйкес айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындау үшін құжаттарды тиісті органдарға заңмен белгіленген мерзімде жолдау және бақылау. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүргізу. Заңнамамен белгіленген құзыреті шегінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік өндіріс жүргізу. Жер заңнамасын бұзушылықтың нақты жойылуы жөнінде шараларды ұйымдастыру және атқару. Басқарманың қаржылық және материалдық, еңбектік ресурстардың тиімді жұмсалуды, заттар мен дүние-мүліктердің түгел сақталуын қамтамасыз ету және қамдау. Басқарманың бухгалтерлік есептісініл жұмыстарын үйлестіру және олар бойынша есепті тиісті мемлекеттік органдарға уақытылы тапсыруды үйлестіру және бақылау. Басқарманың кадр жұмыстарын жүргізуді, олар бойынша тиісті мемлекеттік органдарға есептерді уақытылы тапсыруды үйлестіру және бақылау. Басқарманың қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес құқықтық қамтамасыз етуді жүргізу. Басқарманың сыбайлас еткізгіш қызметін атқару. Басқарманың қызметін негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде қауіпкер даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтау;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

2. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау бойыншiн бас маманы-мемлекеттiк инспекторы (D-O-4 санаты 2 бiрлiк (инд. № 02-04, инд. № 02-05)). Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейiн (экологиялық коэффициенттi есепке алмағанда).

Негiзгi функционалдык мiндеттерi:

Басқарма басшысы, оның орынбасарының және бөлім басшысының тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүргізу. Заңнамамен белгіленген құзыреті шегінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік өндіріс жүргізу. Жер заңнамасын бұзушылықтың нақты жойылуы жөнінде шараларды ұйымдастыру және атқару. Орындауға келіп түскен

жеке және заңды тұлғалардың өтінімдерін, шағымдарын және қызметтік хаттарды қарау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білім (Қызмет көрсету (жерге орналастыру / үйлестіру, кадастр/жер қадастры) немесе құқық (құқықтау)). Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі (Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (жерге орналастыру) немесе құқық (құқықтау))) барлағра рұқсат етіледі.

3. Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау бойыншiн бас маманы-мемлекеттiк инспекторы (D-O-4 санаты 1 бiрлiк негізгі қызметкердің бала күтімі жөніндегі демалысы кезеңіне (инд. № 02-06)).

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалмақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейiн (экологиялық коэффициенттi есепке алмағанда).

Негiзгi функционалдык мiндеттерi:

Басқарма басшысы, оның орынбасарының және бөлім басшысының тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету. Жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүргізу. Заңнамамен белгіленген құзыреті шегінде анықталған құқық бұзушылықтар бойынша әкімшілік өндіріс жүргізу. Жер заңнамасын бұзушылықтың нақты жойылуы жөнінде шараларды ұйымдастыру және атқару. Орындауға келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтінімдерін, шағымдарын және қызметтік хаттарды қарау.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары білім (Қызмет көрсету (жерге орналастыру / үйлестіру, кадастр/жер қадастры) немесе құқық (құқықтау)) немесе ауылшаруашылық ғылымдары (агрономия, топырақтану және агрономия)).

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдык бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі (Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология (жерге орналастыру, агрономия) немесе құқық (құқықтау))) барлағра рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

- нысанға сәйкес өтінім қолданылатын, шағымдарын және қызметтік хаттарды қарау.
- 3x4 үлгідегі суретпен нысанға сәйкес толтырылған сауалнама;
- білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- енбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізбегінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандары денсаулығы туралы анықтама;
- Қазақстан Республикасы азаматтың жеке куәлігінің көшірмесі;
- құжаттағы тапсыру етілде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткіні туралы қолданылатын сертификат (немесе нотариатты куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсібі шеберлігіне және бекілетіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми деректер мен ақпарат берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, міндеттемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсібі қызметін, біліктілігін спипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады. Азаматтар жоғарыда аталған құжат тігілетін мұқабалда орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе почта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Азаматтар жоғарыда аталған құжаттарды хабарламалда көрсетілген электрондық почта мекен-жайына электронды түрде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды электрондық почта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын кешкіртпей береді. Жоғарыда аталған құжаттардың түпнұсқасы берілмеген жағдайда тұлға әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылордискне вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау

басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Чайковский көшесі № 13 үйдің 3 қабаты № 306 кабинетте қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссия шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және уақты телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесі, Қызылорда қаласы, Чайковский көшесі № 13 үйге әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі. Байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері т.б. тұлғалары алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешкіртпей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басым куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тізесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын және азаматтар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сөкеті істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе, Алматы, Атырау, Қостановта, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

D-O-3-санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестік Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік қорсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

D-O-4-санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестік Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдары; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қару тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік қорсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтардың конкурсқа қатысу шығындары (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізіледі.

«Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

А.ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
облыстық мамандандырылған
экономикалық сотының судьясы.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

Қазақстан-Қызылорда» телевизиялық арнасының (бұдан әрі – Телеарна) меншік иесі «Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БАҚ меншік иесі) – «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Президентігіне үміткер кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары): аудиовизуалдық материалдарды (бейнероликтерді) 2015 жылғы 26 сәуірдегі кезектен тыс сайлауға қатысу үшін Телеарнада орналастырудың төлем мөлшері, эфирлік уақытты ұсыну шарттары мен тәртібі туралы хабарлайды.

Сайлау алдындағы үгіт жүргізу 2015 жылғы 26 наурызда басталып, сайлау өтетін күннен бір күн бұрын жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады, яғни үгіт материалдарын эфирге орналастыру 2015 жылғы 24 сәуір сағат 24.00-ге дейін іске асырылады.

БАҚ меншік иесінің эфирлік уақыт ұсыну тәртібі мен жалпы шарттары:

Эфирлік уақытты беру Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткер ретінде тіркелген Кандидат немесе оның уәкілетті өкілі және БАҚ меншік иесі арасында жасасқан эфирлік уақыт беру туралы жазбаша келісім-шарттың және БАҚ меншік иесі бекіткен монтаждық парактардың негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте монтаждық парактар үгіт материалдары эфирге шығуының болжамды күніне дейінгі 5 (бес) жұмыс күннің ішінде, БАҚ меншік иесінің жазбаша өтініш түскен шақтағы техникалық мүмкіндіктеріне, яғни «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының эфирлік уақытында болжанып отырған уақыт интервалында жарнаманың болуына және/немесе болмауына сәйкес әзірленеді. Берілетін эфирлік уақыт ұзақтығы 60 (алпыс) секундтан аспайтын аудиовизуалдық материалдарды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

«Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында үгіт материалдарын орналастыру қазақ тілінде немесе екі тілде – қазақ және орыс тілдерінде 50 де 50 тепе-теңдік мөлшерінде іске асырылады.

Жоғарыда көрсетілген келісім-шартқа қол қою үшін тіркелген Кандидат (ҚР Президентігіне тіркелген кандидаттың мүддесін білдіретін өкілетті тұлға) сайлауға қатысу үшін БАҚ меншік иесіне төмендегі деректерді көрсете отырып, жазбаша нысанда өтініш ұсынады:

1. Үгіт материалдарын орналастыру үшін эфирлік уақытты беру туралы жазбаша өтініштің берілген күні мен уақытын. Өтініш ҚР Президентігіне үміткер кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналына әрбір өтінішке реттік нөмірін беру және өтініш түскен күнді белгілеу арқылы кезектілік ретімен тіркеледі;

2. Тіркелген кандидаттың аты-жөні (жазбаша өтінішті ұсынатын өкілетті тұлғаның аты-жөні);

3. Жазбаша өтінішті ұсынған тұлғаның уәкілеттіктерін растайтын құжатты. Тіркелген кандидат үшін – кандидаттың/өкілетті тұлғаның уәкілетті мемлекеттік орган берген жеке куәлігі, кандидаттың/өкілетті тұлғаның сенімхаты бар жеке куәлігі;

4. Үгіт материалдарының эфирге шығудың жоспарлы күні мен уақытын, үгіт материалдарының ұзақтығын;

5. Жазбаша өтінішті ұсынған тіркелген кандидаттың немесе өкілетті/сенімді тұлғаның қолын;

Жазбаша өтінішке сілтеме жасалған құжаттардың көшірмесі қоса беріледі.

Жазбаша өтініштерді БАҚ меншік иесі сенбі, жексенбі және демалыс күндерінен басқа, 2015 жылғы 20 наурыздан бастап 2015 жылғы 17 сәуірді қоса алғандағы мерзімде сағат 10.00-ден бастап 17.00-ге дейін, Қызылорда қаласы, Желтоқсан көшесі, 11 үй, «Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының мекенжайы бойынша қабылдайды.

Факсимильді және Интернет байланыстары арқылы жіберілген жазбаша өтініштер қабылданбайды.

Тіркелген кандидаттардың үгіт материалдарын «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының эфирінде орналастыру кезектілігі өтініштердің келіп түсу уақыты бойынша немесе, өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе тастау арқылы белгіленеді. Жеребе тастау тәртібі мен шарттарын БАҚ меншік иесі анықтайды.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте сұралып отырған уақыт өтінішті

одан бұрынырақ ұсынған басқа кандидатқа беріліп қойған болса немесе техникалық мүмкіндіктер бойынша ұсыну мүмкін болмаған жағдайда БАҚ меншік иесі өзінің техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып, үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақытты ұсынады.

БАҚ меншік иесіне үгіт материалдарын ұсыну тәртібі:

Үгіт материалдары БАҚ меншік иесіне эфирге шығатын күннен 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын үгіт материалының мазмұнын танытатын мәтін жазбасын қоса бере отырып, эфирлік уақытты ұсыну туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға немесе тіркелген кандидат қол қойған электрондық тасымалдағыштарда, үгіт материалдарында бейнесі пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттарымен, ал олар қайтыс болған жағдайда – олардың мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттарымен, ал кәметке толмаған балалардың бейнесін пайдалану орын алған жағдайда олардың ата-анасының, қамқоршысының немесе тәрбиешісінің жазбаша рұқсатымен ұсынылады.

Үгіттік дыбыс-бейне материалдары XDCAM HD 50 Мбит/сек кодталған форматта, profile 4:2:2, секундына 25 кадр, HD стандартындағы кадр мөлшерімен, interlaced жазба түрімен, өрістердің қойылу тәртібі - үстіңгі бірінші өріс (top field first), дыбысы және тайм-коды қойылған кадрдың арақатынасы 16:9 электрондық тасымалдағыштарда ұсынылады. Үгіт материалдарының төленгені, қаржыландыру көзі, ақпарат ұсынған тұлғаның тегі туралы дыбыстық немесе визуалдық ақпарат үгіт аудиовизуалды материалдарында қамтылуы тиіс.

Егер үгіт материалдарында Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күштеп өзгертуді, аумақтық тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды, сондай-ақ заңнамада көзделмеген әскери құрылымдарды құру туралы мәліметтер болса, БАҚ меншік иесі ондай үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартады.

Егер үгіт материалдарында тіркелген басқа кандидаттардың арнамысына, абайройына және іскерлік беделділігіне нұқсан келтіретін ақпарат болса, БАҚ меншік иесі ондай үгіт материалдарын эфирге шығарудан бас тартуға құқылы. Осындай материалдарды ұсынушы тіркелген кандидат БАҚ меншік иесінің талабы бойынша үгіт материалдарында жоғарыда аталған ақпараттың шындығын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Үгіт материалдары мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңның талаптарына сәйкестігі оларды ұсынған кандидаттың дербес жауапкершілігіне жатады.

Егер осы хабарламада көрсетілген шарттар мен тәртіп, сондай-ақ тиісті келісім-шартта көрсетілген шарттар бұзылған жағдайда үгіт материалдарын эфирге шығару жүргізілмейді немесе олар жойғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфирлік уақыт берудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Үгіт-насихат материалдарын эфирге орналастыру 100% алдын ала төлеу арқылы жүргізіледі.

Үгіт материалдарын орналастыруға берілетін эфирлік уақыттың төлем мөлшері мен тәртібі

1	Қызмет атауы	Хронометражы	Тенгедегі құны, соның ішінде ҚҚС
1.1	Бейнероликті орналастыру (жұмыс және демалыс күндері)	1 минут	24 000 (жиырма төрт мың) теңге

Жасасқан шарт бойынша төлем БАҚ меншік иесі төлемге белгілеген шот негізінде меншік иесінің деректемелеріне осындай шот шығарылған сәттен бастап 5 (бес) банк күні ішінде жүзеге асырылады.

Ж.ҚАРАБАЛА,
«Қазақстан» РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры.

Хабарландыру

ҚР-ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 28.06.2007 жылғы №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарға дейінгі, жоспарлық, жобаға дейінгі және жоба құжаттамаларын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық қызметтерінің қоршаған ортаға әсеріне бағалауды жүргізу жөніндегі Нұсқаулықтың 53-тармағына сәйкес «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ «Құмкөл кен орнындағы «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ келісім-шарттық аумағындағы газды кешенді дайындау қондырғысын консервациялау» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша, жазбаша ескертулер мен ұсыныстарды жинау арқылы қоғамдық пікірді есепке алуды жүргізеді.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдау келесі мекенжай бойынша жүргізіледі: **Қызылорда қ-сы, Ш.Есенов көшесі, 1а үй. Байланыс телефоны: +7 (7242) 27-81-41, факс: +7 (7242) 26-13-93.**

“ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ” АҚ ҚР Экологиялық кодексінің 57-бабына сәйкес «Құмкөл кен орнындағы «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ келісім-шарттық аумағындағы газды кешенді дайындау қондырғысын консервациялау» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі мемлекеттік экологиялық сараптамасына келісімге жібереді.

Барлық сұрақтар бойынша төмендегі мекенжайға хабарласыңыздар: **АҚ “ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ”, Қызылорда қ-сы, Ш.Есенов көшесі 1а үй, тел.: +7 (7242) 27-81-41, факс: +7 (7242) 26-13-93.**

«Қызылорда қоғамдық телерадиокомпаниясы» ЖШС 2015 жылғы ҚР Президентін сайлауға қатысатын үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихаттық бейнероликтерін эфирге орналастыру (1 минуты) құнының 8000 (сегіз мың) теңге болатынын хабарлайды.

АЛМАГ БУЫНДАРДЫ ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН!

Ресейде алғаш рет Елатом құралдар зауытының Алмаг-01 аппаратын пайдалану арқылы магниттік терапияның клиникалық-экономикалық тиімділігі зерттелді.

Зерттеуге остеоартрозға, артритке және басқа буын ауруларына шалдыққан наукастар қатысты. Бұл аурулар өте көп таралған. Мысалы, остеоартроз ауруына 55 жастағы адамдардың 50% және 75 жастан асқан адамдардың 80% шалдығады. Бұл ауру күрделі әлеуметтік мәселеге айналып бара жатыр, себебі көбінесе созылмалы ауруға айналады және мүгедектікке де әкеп соғуы мүмкін.

Осы ауруларды емдеген кезде магниттік өріс кеңінен қолданылады. Магниттік аппараттардың лайықты өкілі болып АЛМАГ табылады. Басқа портативтік техникамен салыстырғанда ол азғаға барынша көп әсер етеді және магниттік импульстер терең сіңеді. Сонымен қатар, АЛМАГ аппаратын ілеспе аурулар болған кезде де қолдануға кеңес беріледі. Осы қасиеттер ғалымдардың АЛМАГ-ты таңдауына әсерін тигізді.

Аппарат өзінің тағайындалымын дәлелді, яғни адамдарға созылмалы ауруларды емдеуге көмектеседі. Зерттеулер көрсеткендей, АЛМАГ-тың айқын ерекшелігі болып наукастардың



ауруы мен жайсыздығын азайту қабілеті табылады. Атап айтсақ, ауруды азайту артрозды емдеудегі маңызды көрсеткіш болып табылады. Сонымен қатар, аппаратпен емдеу барысында ағзаның барлық мүшелері мен жүйелерінің жұмысы үйлесімді өзгерді, буындардың ширақтығы жақсарды.

Нәтижесінде – өмір сапасы артты! АЛМАГ терапияның жалпы нәтижесін

арттыруға мүмкіндік береді және ол ұзақ уақытқа созылады, сондай-ақ ақшалай қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді, себебі АЛМАГ дәрі-дәрмектің әсерін күшейтеді, дәрі-дәрмек жақсырақ сіңеді және жылдамдық әрекет етеді!

АЛМАГ аппаратының қасиеттерін бағалай отырып, осы зерттеуді жүргізген ғалымдар буындар ауруларын емдеу стандартына импульстік жүгіртпе магниттік өрісін енгізуге кеңес берді.

Алмаг-01 жүгіртпе импульстік магниттік өріс аппараты



ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен мақұлданған.
Тіркеу куәлігі
РК-МТ-7 № 001382

Қарсы көрсетілімдері бар. Маманнан кеңес алыңыз.

- АРТРИТ
- АРТРОЗ
- ОСТЕОХОНДРОЗ,
- II САТЫЛЫ ГИПЕРТОНИЯ
- ИШЕМИЯЛЫҚ ИНСУЛЬТ
- ТАМЫРЛАРДЫҢ АТЕРОСКЛЕРОЗЫ
- ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР АУРУЛАРЫ
- ДИАБЕТТІК НЕЙРОПАТИЯ-ЛАР және көптеген басқа аурулар кезінде емдеген кезде қолданылады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«ЕЛАТОМСКИЙ ПРИБОРНЫЙ ЗАВОД» ЗАУЫТЫНЫҢ 35 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ БАРЛЫҚ ФИЗИО-АППАРАТТАРДЫҢ БАҒАСЫ 20%-ҒА АРЗАНДАТЫЛДЫ.

КӨРМЕ – САТЫЛЫМҒА КЕЛІҢІЗ!

**ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНДА
12-сі МЕН 15-ші НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА
сағат 11:00-ден 19:00-ге дейін мына мекен-жай бойынша өтеді:
Токмағанбетов көшесі, 1 үй, дәріхана «Доктор плюс».**

**Жедел желі телефонына қоңырау шалыңыз 8-8000-80-40-40
(кез келген қоңырау шалу тегін).**

ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй, анықтама үшін телефондары: 8(7242) 400953, person.kadr2013@mail.ru «Б» корпусы бос әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды:

Қала әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімінің бас инспекторы (Е-3 санаты - 1 бірлік). Лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтіліне қарай 78797-106345 тенгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Негізгі функционалдық міндеттері:

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша қала әкімдігі мәжілісінің күн тәртібіне ұсыныс енгізеді, мәжілістің отырысын ұйымдастыруға атсалысады, тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша қала әкімі жанындағы тұрақты Кеңес отырысын ұйымдастыруға атсалысады, тапсырмалардың орындалуын бақылайды.

Жетекшілік жасайтын салалары бойынша Үкімет, облыс әкімдігі мәжілістеріне мәліметтер дайындайды.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды.

Қалалық деңгейде өткізілетін іс-шаралардың дайындалуына және өз деңгейінде өткізілуін ұйымдастырады.

Облыстық мәслихат сессиясының жұмысын үйлестіреді.

Қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы, қалалық коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау, қалалық қаржы бөлімдерінің жұмысын үйлестіреді.

Қосшыңырау, Қарауылтөбе ауылдық округі әкімі аппаратының жұмысын үйлестіреді.

Көктемгі-күзгі мезгілдегі екі айлық сенбіліктерді ұйымдастырады.

Қаланың санитарлық тазалығы, сәулеттік келбетіне байланысты материалдарды (суреттер) жинақтап, ұсыну және орындалуын бақылауға алу.

Қалалық салық басқармасы, облыстық және қалалық мәслихат жұмыстарын үйлестіреді.

Үміткерлерге қойылатын негізгі талаптар: Құқық немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес немесе білім мамандықтары бойынша жоғары білім.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

2) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі екі жылдан кем емес;

3) жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

4) ғылыми дәрежесінің болуы.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан

Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясын білуі.

Мемлекеттік тілді білуі, компьютерде және интернетте жұмыс істеу қабілеті.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

2) 3x4 үлгідегі суретпен өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;

3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

4) Еңбек кітапшасының нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжаттарды тапсыру сәтінде өкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді. Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар өздерінің білімі, жұмыс тәжірибесі, кәсіби деңгейі және беделі жайлы (кәсіби біліктілігін арттырғаны жайлы, ғылыми атағы және дәрежесін алғандығы туралы құжаттардың, мінездемелерінің, ұсыныстардың, ғылыми жарияланымдардың және тағы басқа көшірмелері) қосымша ақпарат ұсына алады.

Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру БАҚ-та («Қызылординские вести» және «Сыр бойы») соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Қызылорда қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, 120000, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі, 16 үй, мекен-жайы бойынша қабылданады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде әңгімелесу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарландыру қатысушылардың электрондық мекен-жайларына және ұялы телефондарына ақпарат жіберу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Үміткерлермен әңгімелесу «Қызылорда қаласы әкімінің

аппараты» мемлекеттік мекемесі, (Қызылорда қаласы, Ы. Жақаев көшесі, 16 үй) әңгімелесуге шақырған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына 1 жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Осы Қағидалардың мемлекеттік органның басшысымен (жауапты хатшы) конкурс комиссиясының отырысына сарапшылардың қатыстырылуына жол беріледі. Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасы Парламентінің және мәслихат депутаттары қатыса алады.

«Б» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына үміткерлер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана, Алматы, Атырау, Көкшетау, Павлодар, Тараз, Өскемен, Орал, Петропавл, Қостанай, Қызылорда, Қарағанды, Талдықорған, (Ақтөбе, Ақтау және Шымкент қалаларындағы аймақтық тестілеу орталықтарында белгіленген тәртіппен өтеді.

Е-3 - санаты үшін тестілеу бағдарламасы: мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма); логикалық тест (10 тапсырма); Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясы (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы; «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

«Қызылорда қаласы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің конкурстық комиссиясы.

«Болашақ» университеті

«Мұнай, құрылыс және жаратылыстану» факультеті деканы бос лауазым орынға конкурс жариялайды.

Жалақысы:

- Ғылым докторы, профессор – 260 000 теңге.

- Ғылым кандидаты, доцент, PhD докторы – 220 000 теңге.

Қосымша ақпаратты «Болашақ» университетінің кадр бөлімінен **(8 775 994 57 79, 8 705 433 63 79)** алуға болады.

Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 31а, «Болашақ» университеті, тел./факс– 8(7242) 23-45-15, 20-22-72 E-mail: bolashak_5@mail.ru

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының ұжымы мекеменің бас инспекторы Әлия Амандықоваға әкесі

Есбергеннің

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» акционерлік қоғамының басшылығы мен кәсіподақ ұйымы компанияның қызметкері

Амандықов Есберген Наурызбайұлының

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жарамсыз деп есептелсін

Төлешова Мөлдір Жайшылыққызының атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы №26 орта мектептің 9 сыныбын 18.06.2013 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0955972 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аділханқызы Зухраның атына Қызылорда облысы, Жаңақорған кентіндегі №51 М.Қаратаев атындағы орта мектепті 20.06.2011 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖОБ №0144736 аттестаты жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Келбетов Рустамның атына Қызылорда облысы, Арал ауданы, Сексеуіл кентіндегі №87 орта мектептің 9 сыныбын 17.06.2013 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №0959603 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Аскарбаев Бауыржан Мухтаровичтің атына Қызылорда қаласы, Әлихан Бөкейхан көшесі, 41 үй 26 А мекен-жайда орналасқан дүкенге қосымша құрылыстың 01.04.2013 жылғы техникалық паспортының жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Абдуллаев Алмат Ибадуллаұлының атына «Абылай хан» атындағы колледжінің «Құқықтану» мамандығы бойынша 28.06.2012 жылы бітіргені жөнінде берілген ТКБ №0252406 дипломының қосымшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Удлова Акбота Жетписбаевнаның атына Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Ү.К.Томанов атындағы №183 орта мектептің 9 сыныбын 20.06.2005 жылы бітіргені жөнінде берілген НМК №2084298 куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



Құрметті ханымдар!

Барлық тіршіліктің бастауы, адам көңіліне жақсылық пен үміт сыйлар көптен күткен Көктем де келді!

Құрметті әйелдер, Көктемнің Сіздерге арналған мерекемен басталуы да тегін емес.

Табиғаттың тылсым күші жақсылық жаршысы болып, алғашқы шуақты күндерімен қуантады. Осыған орай барлық әйелдерді сұлулық пен махаббат мереkesімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге, аналарымызға, жұбайларымызға, апа-қарындастарымыз бен қыздарымызға өмір сыйлап, жүректеріміз бен отбасыларымызға жылылық ұялатып, әрдайым қасымыздан табылғандарыңыз үшін құрметімізді білдіруге рұқсат етіңіздер. Сіздер, аяулы әйелдер ханымдар нәзіктіктеріңізге қарамастан біздің мықты қамалымыз, сенімді көмекшіміз, мейірімділік пен сұлулық бастауысыздар!

Сіздерге зор денсаулық, бахыт, шексіз махаббат, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

Шын ықыласпен,
«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директоры М. С. Кәрім
«Қазгермұнай» БК» ЖШС бас директорының бірінші орынбасары Юй Чжицин



Қымбатты арқар!

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз» АҚ компаниясының атынан Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мейрам әйел-арулар үшін көктемгі шұғыла шашқан шуаққа, ыстық ықылас пен қадір-құрметке толы мереке болып саналады. Сіздердің аялы наздарыңыз, мейірбан көңілдеріңіз бен жақын жандарыңызды қамқорлық нұрына бөлеуге бейім тұратын игі ниеттеріңіз әрбір отбасының тұрмыс-тіршілігіне сүйіспеншілік сезімін дарытып, жанға жайлы көңіл күйін сыйлап, өзара үйлесім сәулесін себегілеп тұрады.

Қазіргі заманғы әлемде әйелдер атқарылатын сан қырлы іс-қызметтің әр алуан салаларында толағай табыстарға қол жеткізе отырып, қоғамның және мемлекеттің одан әрі өсіп-өркендей беруіне ықпал етіп келеді.

Ардақты біздің аналарымыз бен әжелеріміз, жұбайларымыз, қарындастарымыз бен қыздарымыз, өмірде әрдайым жұлдыздарыңыз жанып, шаңырақтарыңыз шадыман шаттыққа бөлене берсін.

Сіздерге сарқылмас сүйіспеншілік пен мықты денсаулық, отбасының ырыс-ынтымағын, ырыс-береkesін және үкілі үміттеріңіздің орындалуын тілеймін!



Құрметпен,
«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресурсиз»
АҚ Басқарма Төрағасы
Цинь Хунвэй

Арақты таста! Жаңа өмір баста!



«АлАтекАктив» – бұл:

- алкогольге тәуелділіктен арылтатын табиғи кешен;
- алкогольге құмарлықты өзгертетін табиғи құрам;
- жүрек-қан тамырлары, жүйке, ас қорыту жүйелері мен бауырдың ферменттік жүйесіне табиғи әсер ету формуласы.

Сәйкестік сертификаты РОСС RU.АЕ-96Н06507 от 12.12.2013

Мен – ерекше, кәсіпқой әрі күшті шипа беруші, сонымен қатар ешқандай да жоғары білімсіз, дипломсыз нарколог-пын! Бұлай деуімнің себебі – маскүнем күйеумен он жылдық отбасылық өмір тәжірибем бар және қол жеткізген нәтижемен барлық медициналық дипломдардан артық. Мен күйеуімді арақтан бір жылдың ішінде ажыратып алдым.

Бұрын күйеуім үнемі ішетін, екі-үш аптаға дейін тоқтамай салынып ішетін кездері болған. Үйдегі бес жасар қызым Катя екеуіміз үшін бұл тозақтан бетер еді. Күйеуім ылғи ұрыс, төбелес шығаратын, бағалы заттарды, видеотехниканы, киімдерді, басқа да бұйымдарды араққа сатып жіберетін. Бірде тіпті маған балта ала жүгірген кезі бар. Абырой болғанда, көршілер тауау маңнан табылып, көмектесті.

Күйеуім кейде салынып ішуін доғаратын. Мұндайда ол сауығып, бірақ солғын тартып жүреді. Өкінеді. «Үлгілі отағасы» кезеңі басталады.

Ол жұмысқа тұрды, бала тәрбиесіне қарайтын болды. Ал кейін бұрынғы қылығын қайта бастады...

Бірде мен өзіме: «Жетер! Біздің отбасында енді маскүнемдікке жол жоқ!» – дедім. Өйткені әбден мезі болған едім, бұл тозақтан құтылу үшін барлығын жасап баққанмын. Күйеуім «кодталды», наркологиялық диспансерде де, биотокпен де емделді. Олардан әсер болды, бірақ ұзаққа созылмайтын.

Қысқасы, алдыңғы жылы мен маскүнемдікке ұшырап, оның тырнағынан құтылған адамдардың нақты тәжірибелерін зерттеуге кірістім. Мен халықтық тәсілдерге назар аудардым, арақты тастаған адамдарға телефон шалдым, хат жаздым, олармен кездестім. Ақырында маған маскүнемдікпен күресте көмектесетін ескі халықтық ем негізінде жасалған жаңа, заманауи құрал жөнінде жұрт аузынан естігенім жәрдем берді. Бұл құрал ғасырлар бойы қолданылу тәжірибесінен өткен екен.

БАҒАСЫ – 2500 ТЕҢГЕ, ЕМДЕУ КУРСЫ – 6 ҚОРАПША

АлкАтекАктивтің, «Алтай шипагері» бальзамының, «Тас майы+7»-нің айрықша қасиеттері туралы сіз мына күндері өткізілетін сатылым кезінде біле аласыз:

Қызылорда қаласында 14-наурыз сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін №3 гимназия, Жанқожа батыр көшесі, №5

Байланыс телефондары: 8-701-677-42-42, 8-777-114-13-20

«ҚАЙСАРДАН» ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІК КҮТЕМІЗ

Бүгін, 7 наурызда еліміздің 6 қаласында футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігі жалауын көтереді. Қызылорданың «Қайсары» өз алаңында Талдықорғанның «Жетісу» командасын қабылдайды.

Біздің команда биыл да жергілікті жанкүйерлер сенімінен шығуды алдына мақсат етіп отыр. Осы орайда Түркия жерінде бірнеше оқу-жаттығу жиынын өткізіп, алыс және жақын елдердің белгілі клубтарымен шеберлік байқасты. Олардың көпшілігінде қарсыласынан басым түсті. Соның нәтижесінде өздерінің жаңа маусымға тыңғылықты әзірлік жүргізгенін дәлелдей түсті. Оқу-жаттығу жиыны барысында шетелдік және өз еліміздің көптеген футболшыларын сынақтан өткізді. Команданың бапкерлер құрамы сенім үдесінен табылған 11 ойыншымен келісім-шартқа қол қойды. Олардың арасында Словакия, Болгария, Чехиядан келген шеберлер бар.

«Қайсардың» бүгінгі қарсыласы – Талдықорғанның «Жетісу» клубы 1981 жылы құрылған. Биыл Қазақстан Премьер-лигасына екі клуб та (жоғары лига, суперлига) 19 рет қатысып отыр. Осы уақыт аралығында біздің команда 568 ойында 207 мәрте үш ұпай олжалап, 115 мәрте тең түсіп, 246 кездесуде қарсыластарына есе жіберіп қойды. Доп айырмасы 594 – 701. Ал «Жетісу» 572 кездесуде 175 жеңісті, 121 тең нәтижені, 276 жеңілісті еншісіне жазды. Қарсыластарға 581 доп соғып, 835 рет доп жіберіп алды. Бүгінгі күнге дейін «Қайсар» мен «Жетісу» 30 мәрте кездескен. Оның 14-де жерлестеріміз жеңіске жетіп, талдықорғандық клуб 11 мәрте басым болса, 5-де жеңімпаз анықталған жоқ.

«Қайсар» командасының 2015 жылғы құрамы
Қақпашылар: № 1 Мақсат Сейдахмет (1989), № 13 Кирилл Прядкин (1977), № 35 Рамиль Нұрмұхаметов (1987); қорғаушылар: № 3 Алдан Балтаев (1989), № 5 Дамир Даутов (1990), № 14 Фархадбек Ирисметов (1981); № 18 Данил Цой (1995); № 21 Қайрат Нұрдуллетов (1982); № 31 Алексей Мулдаров (1984); № 44 Мартин Кляйн (1984, Чехия; жартылай қорғаушылар: № 6 Рахымжан Розыбакиев (1991), № 7 Серікжан Мұжыков (1989), № 8 Думан Нәзілдаев (1993), № 10 Сергей Скорых (1984), № 20 Владислав Нехтий (1991), № 22 Кирилл Шестаков (1985), № 24 Ян Вороговский (1996), № 25 Платен Димов (1990, Болгария)

Шабуылшылар: № 9 Сергей Струков (1982), № 11 Елжас Алтынбеков (1993), № 17 Жасұлан Молдақараев (1987), № 28 Римо Хунт (1984, Эстония), № 33 Юрай Пирошка (1987, Словакия).

Бас бапкер – Дмитрий Огай. **Бас бапкердің көмекшісі** – Анатолий Бельский. **Бапкер** – Сергей Кулинич. **Физикалық дайындық жөніндегі бапкер** – Сұлтан Әбілдаев. **Қақпашылар бапкері** – Юрий Новиков.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне Ар-намыс кодексі нормалары, мемлекеттік қызмет туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды бұзу фактілеріне жол берген мемлекеттік қызметкерлер туралы ақпаратты 27-01-26 сенім телефоны арқылы хабарлай аласыздар.

р/с	Т.А.Ж. лауазымы	Қабылдау күні, уақыты	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
1	Жолымбетов Төреәхмет Сайлаубайұлы Департамент басшысы	Күнделікті сағат 9.00-19.00, үзіліс 13.00-15.00	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47 үй	27-28-15
2	Боранбаева Лиман Отарбайқызы Департамент басшысының әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары	Күнделікті сағат 9.00-19.00, үзіліс 13.00-15.00	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47 үй	27-28-15
3	Пернекулов Ернар Айдарбекұлы Департамент басшысының медициналық-әлеуметтік сараптама жөніндегі орынбасары	Күнделікті сағат 9.00-19.00, үзіліс 13.00-15.00	Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі №47 үй	27-28-15

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиегі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. **Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.**

"Сыр бойы" облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялығар газеттің түпнұсқасын қайтармайды. "АҚ" ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24783

Тапсырыс № 209

Электрондық оқылым – 28000